



Сейтөн Сауытбеков

# Ар жұлдызы

**Сейтен Сауытбеков**

# **Ар жүлдізы**

**Көкшетау - 2007**

## Сейтен Сауытбеков. Ар жұлдызы

Бүкіл ғұмыры ғибратқа толы ұстаз-жазушы, шығыстанушы Сейтен Лиманұлы Сауытбеков (1907-1997) артына мол мұра қалдырган адам. Оның «Аютас», «Өс, бөбек!», «Ақазу арлан», «Үлес», «Аққөніл», «Өртенген өлең», «Тағылым тегі», «Поэмалар, өсиеттер», «Сары кітап» сиякты туындыларын оқырман қауым жылы қабылдаган. Ол шығармаларына еліміздің белгілі ақын-жазушылары, ғалымдары жогары баға берген.

Дегенмен, тоқсан жасына дейін қажырлы еңбек еткен абыз жазушының әлі жарияланбаган шығармалары да жеткілікті. Биыл, 2007 жыл, жазушының 100 жылдығына орай оның жеке мұрагатынан бұрын жарық көрмеген поэма, әңгіме, ертсі, мақалаларын топтап, осы кітапты оқырманға ұсынып отырмыз.

**Құрастырушуыдан.**

## Ар жұлдызы

Баймагамбет Қанапияұлы Ізтөлин заманына үн қосқан аса сезімтал, жарқын болашағымыз үшін революциялық қызу істерге қатынасқан жалынды жас ақын еді. 1919 жылдан КПСС мүшесі.

Революция жаршысы – Сәкен Сейфуллинмен қатар оқырман қауымына таныс бейне. Ол 1921 жылы 22 жасында Қызылжар қаласын ақ бандылардан қорғау үшін шайқаста қайғылы қазага ұшырады.

Мендері өлеңдері мен өзінде сақталған өлеңдерін қосып Сәбит Мұқанов аталарын құрастыруымен 1957 жылы Ізтөлиниң өлеңдер жинағы жарияланды.

Революционер ақынның туғанына 80 жыл толуына байланысты, оның өміріне байланысты, азғана әнгіме айтып берейін.

Мен Ізтөлинді бала кезімнен білстінмін. Жаз жайлауга шыққанда ауыл аралас, қой қотандас сиякты бір көлдің басында отырғанбыз. Баймагамбет балдырган шағынан-ақ ертегі, өлең тыңдауга, домбыра тартуга өте ынтық болған. Оның өнерге құштарлығын сезген әжесі Бұлтікей немересі үшін жақсы жағдай жасаған.

Ізтөлиnderмен немерелес жыршы Малшыбайдың Бұлқайырын кисса-дастандар айтып беріп отыруға бекітсе, туган анасы Кестеге домбыра үйретуді тапсырған. Домбырашылық өнерден экесі Қанапия, оның інісі Жәкі де құр емес-ті. Осы ортада оскен Баймагамбет ақындық нышаның көрсете бастайды. Орынбор (Оренбург), Сібір аралап серілік құрыш жүрген руласы Шағырай шешеннін суырып салып айтатын тақпактары да, Баймагамбетті қатты қызықтырады да қанатына қуат бергендей талпындырады.

Байтөленің (Ізтөленің інісі) отауында күнде думан болғанын жаратпаған Ерсары дейтін молда жастарды, Ізтоле балаларын тілдеген. Оған Бұлтікей, ағайынды Ізтөлиnder тиісті тойтарыс беріп, қуып жібергенде, шегір көзді ақ сәби (Баймагамбет):

Бітәм бізді қолдады,

Бәледен де қоргады.

Бетін мықтап қайтарып,

Куалады молданы, – деген кенетеден.

Бұл бұлактың бастауында, төкпе ақындықтың бау ашары болған.

Қанапия көрші ауылдагы алашагы бар біреуден қара қойды

шанасына басып алыш, қысқы кеште келе жатады. Жұзін аяздан қорғап, қырын қарап отырган сәтте, қой шанадан түсіп қалады. Артына қараса, қап-қара бірдене қуып келе жатады. Оны қасқыр екен деп қорыпқан Қанапия қаша жөнелген. Ағызған күйі ауласына тоқтап шанасына қараса, қой жок. Қайта шауып, қойдан қашқан тұсқа барса, қойын қасқырлар шын жеп кеткен екен.

Қанапияның істеген қателігін айтып қоятын анқаулығы болушы еді. Қойынан қалай айрылғанын естіген Баймағамбет экесін сықақтал:

Шанаңа қара қойды басқаның-ай,  
Түсіп қап, қорқып одан қашқаның-ай,  
Қойынды шын қасқырлар жеп кеткенде,  
Алақтап екі көзің сасқаның-ай деген.

Бұл оның он жасында шығарған өлеңі. Ерсары молда балаларына болысып, Байсеркенің жетім қалып, енді ғана жұрт санатына қосылып келе жатқан балаларын сабаган. Молдадан жәбірленушілердің өшін әперу үшін болысқа барши:

Сайтан оты, Ерсары деген молда,  
Канды сойыл секілді құран қолда.  
Байсеркенің үрпағын Жәкі екеуміз,

Ажалдан арашалап алдық зорға, – деп, өлеңмен мәлімдеме жасаған. Бұл оның он бес жасындағы өлеңі. Оның осы қасиетін білген сл «жасы кіші деменіз, ақылы жасқа атадай» деп оны құрметтеп, өлеңдерін жоғары бағалады. Жастар осындай өлеңдерін жаттап алыш, ойын-тойда айтып жүрдік. Өлеңді сұрыпп салып айтатын болғандықтан (өкінішке орай ол кезде магнитофон жоқ кой), мындаған жол өлеңдері бір мэрте ғана айтыльтып қала берді.

Өзінің ұстазындағы болған Шағыраймен өлеңмен айтысып, немесе қағысып қалатынын кезімізben көрдік. Мен бұл мысалдарды оның жасынан сайрагандығын таныстыру үшін келтірдім.

1921 жылдың ақпан айының соңғы аптасы. Отken жылы өзі ашты кеткен біздің мектептің жұмыс жайын білу үшін келді. Ол мұғаліммен жұмысын бітірген соң, бізben де әнгімелесті. Эркайсымызға жылды шығраймсın камқоршы адамдай қарай отырып, тақпактай жөнелді. Одан ұққаным: жеке басымыздың гигиена мектептеге және мектептен тыскарғы уақыттарғы міндеттеріміз бар.

Одан кейін «бүгін жарығы нашар аласа шым үйде оқып

келешекте Ұбырай Алтынсарин, айтқандай жарқыраган сарайда оқисындар!» деді. Мұғаліміміз ауылдағы кері тартпа адамдардың ауқым-ықпалымен араб, түрік, қазақ, татар сөздерімен шұбарланған «Қайрауат» дейтін өлең айтқызатын. Баймағамбет оның орнына Ұ.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылығы» мен «Өнер білім бар жұрттарды» айтқызуды бұйырды.

Сол күні біздің үйге қонып, маған біраз өлеңдер жазып берді. Содан соң, «Уланған ит ордың басында бірде ұлып, бірде үріп түр еді, мен оны өрме қамшымен ұрып өлтірдім» деп жазшы, шырағым, – деді. Одан ұстаздық мейірім, жылы леп естіген мен қысылып-кысынбай, өзімді еркін ұстап жаздым.

Сөйлемге О, Θ, Ү, Ү, У дыбыстарын қатынастыруында да мән бар-ды, оләріптердің арабша таңбасы үлкен үтір сияқты болатын: 0 – Θ – ئ, Ү – ئ, Ү – ئ، У – ئ оқығанда оларды көмекші белгілер арқылы ажыратып (үтір, жінішкелік белгісі, үш нұкте арқылы) жазғанда да соларды пайдаланатынбыз. Ол мені осы тұргыдан сынаған. Жазуымды тексеріп отырыш:

– Тамаша жазғансың. Бұл сауаттылығыңды қалай мақтасам да ұялмаймын. Көркем жазады екенсің бұл да жақсылық. Әттеген-ай! Түр деген сөзден Ү-ның үстіндегі үтірді жазбай кетіпсің.

«Ұмытқан соң үтірді

«Түр» деген сөз «тор» болған.

Сөйлем мәні бір түрлі

Ақауланып қор болған», – деп лып ете қалғанда қып-қызыл болып ұялдым.

Дәл сол кезде актын офицерлерінің жасырынып жүріп, бсйбіт елге бүлік салатыны да бар-ды. Кездесе қалса, ондай жаулармен де жағаласып жүр екен. Оның он алты сөзден құралған диктанттың тақырыптық мәнімен бірге тәрбиелік маңызы бар екенін кейін түсіндім.

Мен оны кішіпейілді балажан, тамаша насихатшы, нағыз педагог деп білемін.

Ертеңінде ауыл жастарының арасында үгіт жүргізіп отырғанда ақтың екі офицері ауыл шетіндегі біздің үйге келіп лаң салды. Атамды (Сауытбекті) атып ауыр жарапал жетті. «Ауылда коммунист жатыр» деген сыйбыстан ығысып қаша жөнелген бандыларды, байдың касқыр соғып жүрген торы атын міне сала қуып, бандының бірін

атып өлтіріп, екіншісін тұтқынға алғанына өзіміз қуәміз. Бұл оның революция солдаты екенінің, жалынды патриот, ер жүрек батыр екенінің бір ғана дәлелі.

1920-21 жылдарда жүзден астам ұлт мектебін ашып, қысқа уақытты курс ұйымдастырып мұғалім кадрлерін дайындағы. С.Мұқановтың және басқа достарының КПСС мүшесі қатарына өтуіне, рабфакқа түсіп оқуына, Ф.Малдыбаевтың Совпарт мектебіне түсулеріне жәрдемі тиіді.

Б.Ізтөлин – Қазақ поэзиясы антологиясынан, Қазақ әдебиеті тарихынан, Қазақ Энциклопедиясынан орын алған жауынгер ақын.

Ол өз атын тарихқа өз қанымен жазып кеткен патриот, сондықтан оның жарқын бейнесі ел жүргегінен өшпейді.

\* \* \*

## Баймағамбет Ізтөлин туралы естелік

Мен Баймағамбет Ізтөлинді жас шағымнан білемін. Себебі, оны ауылда деп атауға болады. Бір қыстакта бес-алты үй қоныстанған заманда ауыл арасы төрт-бес километр еді. Жайлауга көшкенде бір көлдің басында отыратынбыз. Оның бала күніндегі өлеңдерін мен ғұрыптас адамдар, ауылдастары жатқа біледі. Қысқасы, оның өмірбаяны маган жақсы таныс.

Жақсы адамның халыққа ортақтығы, өз халқын қатты сүйетіндігі қандай. Ол өзіне тетелестерді (жастарды) шексіз суюші еді.

Баймагамбет «Федоровка» оку болімінің инспекторы болғанда, біздің ауылда да мектеп ашты. Хадим оқуының орнына совет мектебі оку жүйесін енгізу ол кезде қыын екендігі белгілі. Біздің ауылда сәлделі екі бірдей молда, Тұяқбай дейтін бай және басқа кертарапта адамдар бар еді. Мектеп ашу жөнінде Ізтөлин осындағы кедергілерді жене білді.

Баймагамбет ол кезде ағартушы ғана болған жок, екі майданда солдаты рөлін атқарды. Оған мынадай мысалдар келтірді. Ашылған мектептің жұмыс барысын тексеру үшін бізге екінші келді. Сол келісінде мектепті тексеруші рөлінде ғана **емес**, **о**

бірге жаңалықтар туғызған мұғалімнің оқытушысы рөлін атқарды.

Мұғаліміміз Айсарин Ысқақ ауыл адамдарының ықпартына көшіп, сабак артынан «Қайрауат» айтқызыатын, Баймағамбет оның орнына «Өнер, білім бар жұрттар», «Кел, балалар, оқылышты» енгізді.

Өнер, білім бар жұрттар,

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден

Көзінді ашып жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды, – деген сиякты жаңалықты (біз үшін бірінші) бірінші рет Баймағамбеттен естідік. Оның көгілдір көзін күлімдеп тұрып, такпактар айтып бергені, парталас достарымның әлі есінде.

– Бұғын шым үйде оқысандар, ертең ыбырай айтқандай, тастан салған, айнадай жарқыраган үйде оқисындар, тек оқи беріндер, шырақтарым, деген еді. Кешінде біздің үйге конды.

Сонда маган:

– Уланған ит, ердің басында ұлып тұр екен, мем оны өрме қамшымен ұрып өлтірдім деп жазшы, шырағым, – деді. Қатесіз жазғанымды мадақтады да, айтып отырып, бірнеше өлеңдер жаздырды. Ертеңінде ауыл кедейлерімен әңгімелесіп отырған кезінде-ак бандалардың қашқын екі офицері шеттегі үйдің біреуін ылау тауып бер деп әлектеді. Олар үй иесін атып кетуге де әрекеттенді. «Ауылда коммунист жатыр» деген сыйбыстан ығысып қаша жөнелгенде, Тұяқбайдың жүйрік торы атымен ауып барып, банданың бірін атып өлтіріп, екіншісін тірідей ұстал әкелгенін көрдім.

Бұдан батыр коммунистің жеңімпаздық тұлғасы бірінші рет көзіме көрінді.

Мен Баймағамбетті өз қанымен атын тарихка жазып кеткен революционер коммунист ақын болғаны үшін үнемі еске түсіріп отырамын. Онымен бірге баспаға жарияланбаған еңбектерін сүйген халқына таныстыруға үлес қосуды өзіме борыш көрдім.

## AHT

Айтқаным айтқан,

Сертімнен қайтпан.

Елемен түссе,

Төбемнен батпан.

Зор куат берді,  
Жаңа таң атқан.  
Адаспас сара,  
Жолым бар тапқан,  
Солдатпын сапта,  
Соным зор мақтан.  
Ұлы тобындамын,  
Күн иұрын жаққан.  
Кек алмай тынбан,  
Қанағыш таптан.  
Зарлатып елді,  
Жыландаш шаққан.  
Азулы андай.  
Малдарға шапқан.  
Қылышын жауга  
Құрыш қынаптан.  
Шығамын алға,  
Суырылып сапта,  
Гүлдентем жерді,  
Құлазып жатқан.  
Есейтем елді,  
Тек малын баққан.  
Айтқаным айтқан,  
Антымнан қайтпаи.

### ***ТҮН МЕН КҮН***

Жасыл көк алтын жиек қоңырланып,  
Күн батыс қызыл арай оттай жанып.  
Жылы кеш күренделеп баяу тартып,  
Солтүстік қарауытқан мұнарланып.

Түн қаптап жер жүзіне жайып қанат,  
Сұрланған қас қарайып әрбір тарап.  
Тып-тыныш орман дала ұйықтап мұлгіп,  
Етектен туып келеді ай да қарап.

Жұлдыздар түа бастап төніректен,  
Тұрленіп, тамылжып тұр аспан көктен.  
Қоршалап қараңғылық жердің жүзі,  
Ешнэрсе болжатпайды көк жиектен.

Күн шығып жарқырайды әлем таңы  
Оянып ұйқысынан жұрттың бәрі.  
Сәске тұс жан-жануар жадыраған,  
Тәуліктің зор тамаша болар шағы.

Дүниенің не болмақшы құнсіз сәні,  
Тірегі тіршіліктің оның әлі.  
Осыдан әсерленіп, құндей алыс,  
Тұнғиық терең ойға кеттім әрі.

### **ЖЕЗДЕМЕ**

Саған тоқал не керек, қызыл көзім,  
Шалбар-шалбар бет-аузың солғын жүзің.  
Аймалап, сілемейлеп былғамақсың,  
Он бес жасар біреудің таза қызын.

Сен қақпас, жаратасың жас тоқалды,  
Жас тоқал сүйе ме еken көк сақалды.  
Жігітке жетпістегі кемпір жар ма?  
Жездеке, білмейсің-ау зор қатаңды.

Қуатын жоқ бойында, құр бос қауыз,  
Қадау, қадау тістерің, қызыл ауыз.  
Отыз тістен аузында бес тісің жоқ,  
Аласұрып баراسын, ку жалмауыз.

1915 жыл.

\* \* \*

## Шәрбатты шаңнан сақтайық

1909 жылдан бастап жарық көрген Абай жинақтарын қарап шықтым. Максатым, Абай өлеңдеріндегі кездесстін шетелдік сөздердің түсіндірмелерін байқау еді.

Сөздің тұлғасын дұрыс басудың маңызы зор екенін кім болса да білсе керек. Баспа орындары, әсіресе «Ғылым» баспасы, бұрынғы басылымдардағы болған кемшіліктерді түзетуге біраз еңбек жұмсаған. Кітаптар ұлттық өрнектермен әсемделіп шыгарылған.

Шетелден кірген сөзді өз тұлғасында бұлжытпай жазып, сол елдерше сөйлеу керек дегенді қолдаушының бірімін. Әйткені ол біздің мәдениет дәрежеміздің көрсеткішіндегі болмак. Сондай-ақ Абай шығармаларына кірген: араб, парсы, түрік сөздері өз тұлғасында жазылу керек. Бір әріптің өз орнында болмауы – сөзді, сөйлемді, тіпті шығарманың біраз бөлігін бұлдируі сөзсіз. Әсіресе араб сөзі бір нұктеден бүлініп басқа сөзге айналады. Немесе мағынасыздыққа ұшырайды. Бұлай деуімнің себебі, көптеген араб, парсы сөздері түп нұсқасынан ажырап-бүлініп басылыпты. Мәселен: хамін, халиққа, наме, хикмет, айбаттайды, т.т.

Араб сөздерін дұрыс басып шығармак түгіл, әріптерін қате атап бастыру орын алып келген. Ең соңғы жақсы деген жинақта (1977 жылғы басылымда): Ха мен Хидың орыны ауыстырылған. Ғәйінді – Файін деп бастырган. Бір-бірінен айырмашылығы жоқ «егіз» Қаф-Қ қатар тізіліп тұр. Каф-К әлифбидің – алфавиттің құрамынан шығып қалған. Түйды – Тай, Зүйды – Зай деп бастырылты. «Мим» деп аталатын әріп, кәдуілгі «М» – «Мен» болып өзгертилген. «НҰН»ды – «Н»-і НОН депті. Бұл: – «Әлифті таяқ, нұнды шұқыр аяқ деп білмейді!» – дегеннің кері. Осы жағдайды көргенде, араб тілін оқып жүргөн оқушылар не дер екен...

Енді мазмұн, мағынасын қате түсіндірген, басылуы да қате жеке сөздерге тоқталық. «Қор болды жаным» өлеңіндегі Зұлым сөзінің түсіндірмесін: «Әділетсіздік, артықшылық, құштілік» – депті. Артықшылық, құштілік, әділ, гуманист, біліктілерге тән. Ондай қасиеттер Абайда болмagan деп кім айтар?

Залым зұлымның синонимі ғой. Араптар да ظُلْمٌ (залум<sup>99</sup>) ظُلْمٌ (зұлм<sup>99</sup>) дей атайды. Бұл сөздердің ортак аудармасы: сұм-сұрқия, жауыз, катал, рақымсыз.

«Имансыздық намазда, қызылбастың салған жол». Бұл

тармактардың түсінігін: «Имам (арабша) – намаз оқығанда алда тұратын адам. Қызылбас – Парсы жұртының аты» деп беріпті. Дұрысы: Имам – мешітті басқаратын дінбасы. Қызылбас-Кәсірай гажам жұрты. Өкінішке орай, жинактарда осылай түсіндірлімеген.

«Өз үйінде киқандап, … Ақылы бар кісіні айбаттайтын даттайды». «Айбаттайтын» араб сөзі емес. Абайдың аузынан осындағы араб сөзі шыкты деу жаламен бірдей. Абай: «Ғайбаттайтын» деген. Бұл, эрине, арабша. Түсінігі: біреуді сырттан сөгіп, отірік жала жауып даттайтын. Араб сөзін долбармен аударып, «Ол пәлен деген сөзден өзгерген болу керек» дейтін жорамал әдіс те қолданылған екен. Мысал келтірейік: «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» өлеңіндегі: «…Айтсан да удасынан шыға алмайсын». «Удданың мағынасы – қүш, шама шек. Ол «Хадд» деген сөзден өзгерген болу керек». Хаддтың түсінігі соңғы басылымдарда да дәл осылай берілген. Мұндай түсінік кімге керек дейсіз. Хадд деп отырғаны – Хаддада, Хадда<sup>ш</sup> аудармасы: шекара, маңы. Текстегі «Удда»-ның түпкі торкіні – уәлдә. Аудармасы: сүю, жарату, сүйсінуді білдіру.

Енді әлифби өлеңіндегі жаңсақтыққа ұшыраған сөздерге тоқталық. Элиф жолындағы Ғибраттың түсініг – «ұлгі» депті. Шындыққа шөгетін болсақ, Ғибраттың қазақшасы – өнеге, нақыл, шешендерден қалған даналық сөз… Ұлгі атаулының (киім ұлгісіне дейін) арабшасы: **مَلَكُ الْعُلُقِ** (мәсәл<sup>ш</sup>, нәмузәжән).

Би жолындағы «Бәлә’й» сөзінің түсіндірмесі: Ұлы, жоғары – деділініпті. Сөзге сөздің зәредей ұқсастығы болмаса, ол солай болса керек дегенге кім сенеді. Қазіргі дәуірдегі арабтар Ұлы деген сөзді: **أَكْرَبُ عَظِيمٍ** (Газый<sup>ш</sup>, Гұзмәй, Әкбәрү) дейді. Қоріп отырсыз, осы сөздердің бірде-бірі Бала й ге үқсай ма? Түсініктің сынары – жоғары деудін «Бала’й ге ешбір қатынасы жоқ. Өйткені арабтар жоғары деген сөзді – Әғлә, Фалә дейді. Нисбат сөзінің түсіндірмесі жинактардың бәрінде де бар. Шама, мөлшер деген. Шындығында: тап болу, карым-қатынас, байланыс деген сөз.

«Интернатта оқып жүр» өлеңінде: «Еждиһатсыз, меҳнатсыз табылmas гылым сарасы». … Абай тілі сөздігінің 462-бетінде Ижтиhat. Өзге жинакта – еждиһатсыз, иждиһад. Осындағы ұлғіні көрген жұрт Ижтиһадтың талай сортын жасады. Мысалы: Ежтиhat, Ыждағат, іжтият, ыждағат, іждиһәт, ыждиһат, іждіһәт… тізе берудің өзі ерсі сияқты. Анығы – **إِجْتِهَادٌ** (ижтиһәд<sup>ш</sup>). Қаз ССР ГЭ сы осы

күбылмалы ижтиһәндті бір үлгіге салар деп үміттенеміз.

«Сегіз аяқ» өлеңіндегі «Надандар Баһра ала алмас» жолындағы Баһра парсы сөзі. «Пайда, кіріс немесе иәтиже» деп түсіндірген. Оқырмандарға қай елдің сөзі екені беймәлім.

Абайшыл қауым мен ізбасар жастарға сапалы мұра қалдыруға ғалымдарымыздың парызы болса керек. Пайда, түсім, проценттік өсім, олжа, т.т. деп түсіндіру керек еді. Арабшасы – (Фәйілдәт<sup>ш</sup>) аудармасы да осылай.

«Әбдірахманға» атты өлеңнің соңғы шумағы:

«Бұл жазған сұнғатым, Көңіл ашар бір наме». Менін сол рахатым, көзіме сүрмеге. «Наме үйкас үшін сүрмеге бағындырылған болар, әйтпесе түпнұсқасы Нәма гой. АТС-те нәма мағынасын хат, өтініш депті. Ал өлең жинақтарында: хат, кітап делінген. Бұл түсініктердің хаттан басқасына қосылуға болмайды. Өтініш, хат, кітаптарды нәмалардың орнына қойып көріңіші, өрескел үят болады.

Озіміз білетін Шаһнәма, Ғашықнәма, Бабурнәма, т.б. нәмаларды: Шаһетініш, Бабуркітап, Ғашықхат деуіміз керек пе? Жоқ олай болмайды. Нәманың түсінігі де, жазылуы да қате. Нәма – кейіп, сыртқы келбет.

Санның көрсеткіші, күрделі сөздің сыңары (Компонент сложных слов) деуіміз керек. Мысалы: راهنما (Раһнәма) жол көрсеткіші деген сөз. Нәманы – Хат, мемуарлық бәйт, дастан деуіміз орынды.

Тағы бір жаңсақтыққа токталық. 1909 жылғы жинақта:

«Күні-түні ойымда бірақ тәнри,

Өзіне құмар қылған оның әмри.

Халиқга махлұқ ақылы жете алмайды,

Оймен білген нәрсеміз бәрі дәһри». Осы шумақтың әр тармагының сонын: Тәнрі, әмрі, дәһрі деп өзгертіп, «И»ді «і» мен алмастырған. Сондықтан араб сөзі – дәһри мағынасыздыққа айналған.

Махлұқты – тірі организм – жәндіктер деудің орнына, «Жанды нәрсе» деп түсіндірілті. Дәһридің анық аудармасы: ғасырлық, көне дәүір. АТС те дәһри – дінсіз деген сөз легендей емеурін жасаған. Дінсізді арабтар – قافير (Қафир<sup>ш</sup>), مُلْحِد (Мұлхид<sup>ш</sup>) дейді гой. Сол шумақтағы Халиқаны кейінгі жинақтарға халиққа деп қате бастырыпты. Содан соң сөз мағынасын тәнрігес мензейді.

Тұсінірмеде жаратушы деуі де содан. Шындығында ол – халыққа деген қазақ сөзі. Қазақ сөзін танымай жүрген кейбіреу, «Халиқ – жаратушы емес пе?» деп таласуы да ықтимал. Оған айтарымыз – халық та жаратушы, құрушы. Алыптарды жаратушы құдірет.

«Алла деген сөз жениң» өлеңінде:

Дүнияның барша қуаты,  
Өнерге салар бар күшін.  
Жүректің ақыл суаты,  
Махабbat болса тәнрі үшін.

Дүнияның деген сөзді, барлық жинақ уәделескендей, Дененің деген қате басқан. Дене дегеніміз – адамның тұла бойы немесе әр түрлі зат. Дүние – өмір, тіршілік, әлем, жер жүзі, табиғат... Егер 1909 жылғы жинақтағыдан дүнияның болып түзелмесе, бұл өлеңде құн қалмайды. Кейінгі косылған келесі екі шумақ бойынша, әр жылғы басылымдарда сәйкессіздік орын алған. Мәселен, бір жинақта: сауаты, барлығынша, күа, білмейдір. Соңғы басылымда: сауаты, барлығына, күә, білмейдүр. Тұлғасы бұзылған сөздер қаншама. Мәселен: Тағрип емес, тұриф, мәужұт емес, мәужәт – толқын тербеліс деген сөз. Мантикин емес, мантыйқин. Мантыйқ – логика деген сөз. Уерд емес, Уирд<sup>ш</sup>, әдеттің тайга таңба басқандай аудармасы: Ғадәт<sup>ш</sup>. Ғадәт – Әдет, т.т. «Әзім әнгімесін» оқығанда «...Дінім хак, ісім акынын, өлсем шәйіт» деген араб сөзі кірген жолға тап боласыз. «Шәйіт – дін жолында өлген адам деген түсіндірілген. Бұл барлық жағынан кателікке ұшыраған сөз. Олай дейтініміз, айтытуы және жазылуы шәйіт емес, шәнид. Тұп нұсқасы: شەنید (Шәнид<sup>ш</sup>) көпшесі شەنید (шүхәдәү). Түсірмесі де хажы, молдаларды жақтайдындар... Шәнидтің анық мағынасы – соғыста қаза тапқандар. Жау қолынан азаппенен өлген Отан патриоттары... Осы поэмада: «Хикметімен тоқтатты бір жасаған» деген жолға кезігесіз. «Хикмет, бұл жерде Құдай мағынасында» деген түсіндіріліпті. Қате түсінік. Хикмет – даналылық деген сөз. Ойланызыши. Абай өлең жолының басында Құдай, аяғында Жасаған депті легенге кім нанар. Даналылық деген сөзді تەھاک (Тәхаккемә) – құдірет деген сөзбен алмастырса да бір сәрі. «Құдіретімен тоқтатты бір жасаған болады» гой.

Толық жинақтың бірінші томындағы түсініктер боліміндегі «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңіндегі екінші

шумақтың алғашқы жолын «Әзелде жас қартаймақ, туган өлмек» деп берілді деген. Өленді оқығанымызда, әзелден басталады деген жол: «Жас қартаймақ, жок тумак, туган өлмек» болып шықты. «...тыңнан текстологиялық тексерулер жүргізілді» деген кітап аннотациясындағы байымдауды теріске шыгарған факті болды. Сөз етіп отырған әзелдеміздің дұрыс арабшасы – әзелдә. Бұл сөз: ен алғаш, әуелде, о баста деген мағынаға ежелден ие. Осылай түсіндіруден тайқақсып, «Жок тумак» «философиясын» қосып жіберіпті. «Өкінішті көп өмір кеткен етіп» деген өлеңнің жетінші шумағының бірінші жолы: «Құдай берген бұл достық – қәннің бірі». «Кән – пеш. Бұл жерде қуат, құш беру мағынасында» деп түсіндірілген. I т. 79 бет. Бұл да жымыскы жаңсақтықтың бір түрі. Өлең тексін оқып көрініші, бұл өлеңге Пештің ешқандай қатынасы жок екеніне сонда көзіңіз жетеді. Нештің анық аудармасы: **مُؤْمِنٌ ، مُفْرِّجٌ** (Фұрн<sup>ен</sup>), (Мәуқид<sup>ен</sup>). Бұл мысалды Кәнмен салыстыру үшін келтіріп отырмыз. Сөйтіп, Кән пеш емес. Берілген түсінік түбірімен кате.

Кәннің мәні – татулық, көңілдестік, жылыштық.

Енді оңтайлаган ойды ортаға салайық:

Абай пайдаланған шетел сөздерін транскрипциялап тиісті ережелерге сүйеніп дұрыс жазу ләзім. Олай ету Абай тану ісіндегі абырайлы жұмыстың бірі болмак.

Абай шыгармалары шетел тілдеріне аударылғанда, араб сөздерінің бүлінбей басылғаны, дұрыс түсіндірілгені, биік мәдениеттілікті білдірстін болады.

Шетел сөздері мына формада түсіндірілсе дұрыс болар еді.

**إِجْتِيَادٌ** – Ижтиһад<sup>ен</sup> (арабша) – ынта, жігер, талап.

**مَسَأْلَةٌ نَمُوذِجٌ** – Мәсәл<sup>ен</sup>, нәмузәж<sup>ен</sup> (арабша) – ұлгі, өнеге.

**فَهْبَةٌ شَيْبِيَّةٌ** – Фәйбәт<sup>ен</sup> (арабша) – біреуді сырттан жамандау, гайбаттау.

**بَصَرٌ** – Басыйр<sup>ен</sup> (арабша) – зеректік, ақылдылық.

**نَارٌ** – Нәла (парсыша) – зар, уайым, қайғы.

**شَيْعَةٌ** – Шигәх (парсыша) – нәзік, нәзіктік.

**مَبَدَّدٌ وَلَسَا** – Мұбәддә олса (түрікше) – бола қалса.

**بَالَّى** – Баллы (татарша) – бал қосылған.

## **Жеті атауы жайында**

«Кұдай тағала жер мен көкті бір аптада жаратты» – деп көрсетіпті құранда. Сол түжырымының эсері тиді ме екен, жеті атауы қазак тілі құрамына, талай жағдайға тақырып болған. Соның бірі:

### ***ЖЕТИ АТА***

Әр буынның өзіндік аты бар. Олар: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат.

Бір әкеден бірнеше ұл туып, жоғарыдағыдан өсіп-өркендеген соң, бір қауым, не бір тайпа елге, тіпті руға да айналған.

Туажаттан туған жүрежат, одан туған – жекжат, жекжаттың баласы жұрағат атанған. Жеті атаны бөлектеп алудың мәнісі: қазак ұлтында нағыз жақын туыстың шегі – жеті атамен аяқталады. Яғни, туыстықтың бұл мөлшері екі жарым гасырга созылған. Бұл аралықта, «аталастардың» құдандалы болуы, ерлі-зайыпты болу «тұқым бұзушылық» болып есептелген. «Шариғат қосқан екен немерені» дегенді желеу қылып, ғашықтық жолмен қосылғандар қатал жазага ұшырап отырған. Қалқаман мен Мамыр трагедиясы сол қазак заңының тынымы. Сол ғұрыпты бұлжытпай сактау үшін кейінгі үрпакқа жеті атасын білу міндет етілген.

«Жеті атасын білген ер,  
Жеті жұрттың қамын жер.  
Өзін ғана білген ұл,  
Құлағы мен жағын жер».

Бұл Тәуке хан заманынан қалған деседі.

Бұл ғұрып, туыстық махаббаттың ұзақ уақыт жалғасатынын, тірлігі мен бірлігін айнаңтпауға, тұқымды асыл сактауга жасалған заң іспетті. Бұл ағайынды адамдар арасындағы ар-ұятты, адамгершілікті адал ұстаудың тұрақты жолы.

Ұсыныс. Ел аузынан алған шығарманың ішінде жансақтық болуы да мүмкін. Меніңше, жұрағат 7 ата, туажат 10 ата болуы лайық.

### ***Жеті ағайынды жұт***

«Жұт жеті ағайынды, айыр ағашпен сегіз ағайынды» (халық нақылы). Тігерге тұяқ қалмай мал қырылып, ел ашаршылыққа ұшыраған жылды жұт жылы деп атайды. Ел есінен қалмастай:

«Тақыр қоян», «Доңыз» атты жұттар болған. Халыққа қара түнек болған, қайғылы себептің бәрі жұт. Сол жұттың біріншісі – куаңшылық. Ол жағдайда егін-шөп шықпай жер беті қара тақырга айналады. Өзен үзік-үзік болып тартылып, көлдер суалып ақ тақырга айналады. Мал маусым айында көтеремге ұшырайды. Сауын малдан ақ тамбайды. Екіншісі – қатал қыс. Құндіз-түні түтеген боран, қақаған үскірік аязға төзбеген, тебіндегі жылқы ығып барып қонага, батпақты көлдерге немесе орманның қалың күртігіне құлап, қар астында қырылып қалады. Қолдагы малды асырау да қияметтей қыын еді. Кей қундері ауылды тып-типыл етіп қармен көмеді. Іштен ашылатын қақпакташ шөп маясына дейін ор (траншея) қазып барып шөл алынады. Судан қаталаған малға қар ерітіп беріледі. Азығы таусылып, қолдагы мал да қырылады. Ұшіншісі – қара өрт. Боз далалы кең өлкеден шыққан өрт, жеммен жүйткіп жайылып, ені 40-50 км-ге тез жетеді. Сөндіруге ерік бермейтін биік жалынды тілсіз жау, алдындағы қыстауды, мал-мұлікті, мыңдаған мая пішенді түгел жалмайтын. Төртіншісі – сел, тасқын. Бұл – кенеттен болатын апат. Ондайда мал-мұлік түгіл, адам шығындары болғанын да білеміз. Бесіншісі – оба. Ол халыққа қырғын болып тиетін дерт. Обадан бір ауылдың адамы түгелге жақын олат болғанын көрдік. Ондай жылы: жылқыға «делбе», «шатана», сиырга «қарасан», «екі қызы», түйеге «басқұрт», қой-ешкіге «топалаң», «секіртпе» індептері тиетін. Алтыншысы – жер сілкініс. Бұл зілзалә Қазақстанның онтүстік, шығыс аудандарында болып келді. «Оның апатынан сактағай» деп халық тілек тілейді. Жетінші жұт – соғыс. Өткен Отан соғысы – тенденсі жок, адам баласы тарихында болып көрмеген орасан зілзалә болды. 20 миллион боздақ Отан үшін құрбан болды.

### *Жеті қазына*

«Жеті қазына» туралы әркім әр түрлі айтып жүр. «Тірек анызы» деп «Жеті қазынаны»: күн, ай, от, су, аспан, жер, ит дейді. Бұның иттен басқасы бүкіл адам баласының ортақ меншігі. «Жеті қазынаны» жеке адамның игілігіне пайды болған жақсылықтардан қарастыру керек.

Діни адамдардың «білемін» дейтіндері, жеті қазынаның

біріншісі – Қызыр Ілияс пайғамбар, «Ол көңілі түскен адамды жарылқаушы». Екіншісі – бақ. Үшіншісі – ақыл, денсаулық, ақ жаулық, тұз, ит деп түйген. Бұның: бақ, денсаулық, жігіттің зайыбы деуіне қосылуға болады.

Біздің білуімізше, «Жеті қазынаның» алғашқысы – ақыл. Ақыл бақ пен байлықтың тірегі. Ақылды адамға сәби шағынан бастап бақ дариды. Ақылды адам ел басқарып, қоғамның алуан-алуан проблемаларын шешуге басшылық етеді. Ол дүние-жинаға мұқтаж болмайды. Екінші қазына – денсаулық. Ол: бақ-дәulet, ақылдың тірегі. Денсаулық төмен болса, бақ, дәuletten не пайда? Ондайда ақыл да өз дәрежесінде шалқымайды. Үшінші қазына – сүйіп алған ақылды, адап жар. Ол денсаулықтың корғаны, ғапкер. Құшті көмекші әрі ақылшы. Моральдық мерей, достықтың, туыстықтың, бірліктің ұйтқысы. Төртінші қазына – бала. Ол өмірдің жалгасы. Болашағың, қуанышың, шаршаған шағында шадман етер шапағатшың. Қартайғандагы әл-куатың, қамқоршың. Бесінші қазына – өнер-білім. Женістік пен жетістік өнер-білімсіз болмайды. Өнер-білім сені өлімнен де арашалайды. Алтыншы қазына – Жер. Алуан түрлі асыл заттар жер койнында. Ел анасы жер. Жердің адам баласына бермейтіні жоқ. Жетінші қазына – құмай тазы (ит). «Еттің бәрі қазы болмас...» дегендей, ит тұқымдастың бәрі қазына болмаса керек. Қасқырды ізімен қуып жетіп ұстап өлтірген, елікті құғанды иесінен қара үзіп кетіп барып ұстап, шала олтіріш, иесі жеткенше құзетіп отыратын, шекара бұзушыны, қылмыскер, қашқынды ұстайтын, жауменен алнарысатын... иттер ғана қазына. Біздіңше жеті қазына осылар.

### *Жеті қарақышы*

Жеті қарақышы дегеніміз – аспанның солтүстік жарты шарындағы шоқ жұлдыз. Бір себеппен адасқан жолаушы, аспан ашық болса, темірқазық арқылы баратын бағытын багдарлап алады. Ол үшін Темірқазық жұлдызыны табу керек. Темірқазық горизонттың терістік жағына орналасқан кіші аю шоқ жұлдызындағы ең жарық жұлдыз. Ол дүниенің солтүстік полюсіне жақын орналасқан. Оны табу үшін жеті қарақышының *a* және *b* арасында бес өлшем кіші аюға карай ойша түзу арқылы табылады.

## **Жеті қат көк, жеті қат жер**

Көгілдір түсті әлемді мұсылмандар: көк немесе аспан, асман, самауат деп атайды. Қазакта: «Жеті қат көк, жеті қат жер» деген сөз тіркесі бар. Аспан мен жер шары шынында да жеті қабаттан ба? Шындық болса, ерте заманнан осылай атануы ғажап-ау! Бабалардан қалған көне сөзге күмәндәнбас үшін ғылым қайнарына қаралық.

Атмосфера «қатты» жерді қоршаған және онымен бірге бірденедей айналатын газдар коспасы. Оны жердің сырткы ауа қабаты деуге де болады. Ат-ның орташа қысымы теңіз деңгейінде 101325 н/м яғни 360 мм сынап бағанасының қысымында. Жер бетіндегі орташа тығыздығы 1,22 кг/м<sup>3</sup>. Құрамы: азот, оттек, аzon, аргон, көмір қышқыл газы, сутек, неон, гелий, т.б. Атмосфераның қат-қабат болатыны рас. Ол қабаттардың физикалық, химиялық, т.б. қасиеттерімен бір-бірінен ерекше айырмасы болады. Биіктеген сайын ат-ғы температурасы өзгере береді. 100 км биіктікте газдар интенсивті түрде араласады. Жер бетінен 20-25 км биіктікте жер бетіндегі температурадан көп төмен, өйткені әр 100 м. биіктік сайын 0,6 К-қа төмендейді. Ол қабатты ғомосфера дейді. Ол қабаттың жоғарғы шегінде озон газы жиылған. 100 км жоғары ауа құрамына женіл газдар (гелий мен сутек) араласқан. Ол қабатты гетеросфера дейді. Бұл қабаттарда атмосфера жылу және ылғалмен араласады. Тропосфера қабатында атмосфера женіл газдардың үлесі көбейе бастайды. Бұдан арғы қабат стратосфера, одан стратопаузамен бөлінген мезосфера қабатынан озон жоғалады. t<sup>0</sup> (температура) 180-200 K-ға төмендейді.

Термосферада температура тез өседі. Себебі күннің қысқа толқынды сәулелерінің сізетіндігімен байланысты. Экzosфера 800-1000 км. жоғарғы қабат. Бұл қабаттардың бәрінің жалпы массасы атмосфера массасының 0,5% дей скен. Температураның өсуі 200-300 км дейін. Одан ары 800-1000 км дейін температура тұрақты. (1000K) себебі атмосфера тығыздығы мен қысымы аз болғандықтан, күн сәулесін нашар сіңіреді. Экzosфера дейтін қабаттың тығыздығы оте аз. Оның ұсақ бөлшектерінің жылдамдығы екінші космос жылдамдығында деседі. Егер соктығыстар бөгет жасамаса, жердің тартылыс қүшін жеңіп, атмосферадан планета аралық кеністікке негізінен сутек пен гелий атомдары таралады. Мұндай құбылысты атмосфераның шашырауы дейді.

Тропосфераның жоғарғы шегі мен стратосферада озон газының көп болатыны байқалады. Оның мол жиналатын қабаты 22-25 км-дің арасы. Шамасы 40 км биіктікten бастап атомдалған оттектің мөшшері көбейе бастайды. Одан ері осылай жіктеле береді. 200 км-ге дейін ауаның негізгі компоненті азот N<sub>2</sub> болады. Одан ары атом күйіндегі оттегі басым, 600 км биіктікте басым компонент – гелий. 2 мың км-ден бастап және одан жоғарыда сутек, ол жерді қоршаган сутек тәжін (сүтектен тұратын қабагты) құрайды.

Сонымен жеті қабат (қат) деген сөз шындық. Ол қабаттар: громосфера, гетеросфера, тропосфера, стратосфера, мезосфера, термосфера, экзосфера.

\* \* \*

## ТАҒДЫР

*(толғай)*

Жаз, – деді ақын досым көргенінді,  
Ақтаңдақ зардабына көнгенінді.  
Токырау жылдарында торыққаимен,  
Аман-сау мұнша жасқа келгенінді.

Отызыншы жылдардың дубірленін,  
Көзбен көрген кісісіз дүрбеленін.  
Белгілі колхоздасу кезеңін де,  
Жырлаңыз өмірдің сол «көлдененін».

Миллиондаған адамзат қырылғанда,  
Тірілердің көрдіңіз сүлдерлерін.  
«Көсемін» халық мұнын өскерді ме,  
Жойылсын деді ме, әлде мүлде елін.

Басынан бағық шіріп тұрған шакта,  
Шындықты лактырганда жанган отқа.  
Жазықсыз елдің жарық жүлдіздары,  
Асылып не атылып қалған жоқ па?

Жер басқан адам жау боп елестеген,  
Дауласпай, жала жимай күн кешпеген.  
Құзғының кірпі қолғап маралпаттап,  
«Жаулармен оқпен гана тілдес» деген.

Көрмедің бе тамұқтай түрмелерін,  
Жоныннан таспа тілсе, үндемедін.  
«Көктегі күн көсеммен тең болмайды,  
Есімде, – бұл батпайтын күн» – дегенің.

\* \* \*

### I

– Ендеше тыңда мені, ақын досым,  
Білген соң қалауың жән қолым босын.  
Сыпырган саятшыдай томаганы,  
Шалқыттың шабытым мен көңіл хошын.

Сан сырлы тарихымыз шексіз тарам,  
Жосыған жыр жолының бәрі адам.  
Козғалыс, тартыс, құрес зандарымен,  
Бір кезде жалын атып тұрды ғалам.

Жүйткіген жыл артынан жылдар өтті,  
Айбатпен айдаһарлар зәрін төкті.  
Миллиондар көрді азап, тұрмыс дозак,  
Қаналып қысталанда өмір шекті.

Қозғалды ұлы дауыл толқын айдал,  
Толқыды қуаттана барлық аймак.  
Тамшыдан теңіз пайда болғанындей,  
Ұшқыннан жалын атты көкке бойлац.

Ашынған кек қайнады барлық жерде,  
Басшы боп шомылғандар қанды терге.  
Әлемдік құдіретті күш козғалды,  
Көму үшін зұлматты терен көрге.

Құлдардай көп айдалған азаптарға,  
Екі рет езгі қөрген қазақтар да,  
Айбалта, алмас қылыш, найзаларын,  
Безеді қатуланып тәж-тактарға.

«Солдатқа бір жігіт те бермейміз» – деп,  
Жақ болып зұлымдыққа өлмейміз» – деп.  
Әліби, Аманқелді ісін жақтаң,  
Аулынан қаһарланған қозданды кек.

Октябрь ұлы асуы белестердің,  
Маяғы – алтын күмбез, құрескердің.  
Жер жузі еңбекшінің тұңғыш туы,  
Тұгызған мәнгілікке сөнбес күнін.

Айбынмен Аврора салют берді,  
Дүмпуі дір еткізді дүниені.  
Шұғыласы алтын күнмен шагылысып,  
Оятты үйқысынан талай елді.

Жұмысшы жасқанбады жауган оқтан,  
Жүргегі жалын атты жанған оттан.  
Бұғауы зұлымдықтың күйреп түсті,  
Балғаның қуатынан жайдай сокқан.

Қоғамның көре алмай өскеленін,  
Жоюга жаңа өмірге көшкен легін,  
Жау шалты шар тарараптан шамырқанып,  
Алуға қарымтасын – кеткен кегін.

Көрдік біз он төрт елдің антантасын,  
Жаудырган жер мен көктен отты жасын.  
Шатасып есебінен жау женілді,  
Советтің білә алмай күшін басым.

Рух беріп женістерге үнмен аскак,  
Құралымен құдіретті жауды жасқап,  
Күн көсем тұра бастап алып шықты,  
Танына Октябрьдің халқын бастап.

\* \* \*

Мен ол кез сегіз жасар баламын,  
Еріп жүрген соңында тек ағаның.  
Қайда барса, мен де сонда барамын,  
Тапсырмасын орындауға ананың.

Айырамын істің жақсы-жаманың,  
Ескі менен қызықтысын жаңаның.  
Қын да емес оқып жүрген сабағым,  
Сырлас болды ақ қауырсын қаламым.

Қиссаларды оқуға да жарадым,  
Жырауларша әнмен қанат қагамын.  
Дейтін болды қариялар «қарағым»,  
Деп жүргенде, көлкө қалай жагамын.

\* \* \*

Оба дерті сұрқын бұзды даланың,  
Тұнжыратты халықтың қас-қабагын.  
Ажалы боп талай іні, ағаның,  
Көзі болды өкінішті наланың.  
Оба – апат, ажал, ашты араның,  
Ата-анасын жұтты қанша баланың.  
Шамы сөніп, гүлі солды ананың,  
Жайлап кетті елдің талай танабын.

\* \* \*

Жүремете аштық салды азабын,  
Қысы қақап, зоры болды азаның.  
Малын қырып құргатпады қазаның,  
Бір жыл бойы дән татпады қазагым.  
Тапты байлар, кірістің бір амалын,  
Демесе де тығырыққа қамадым.  
Ашықтың-ау, ашылсыншы қабагың,  
Еңбекақың деді ішкен тамагын.

\* \* \*

Ақ бандалар арасы боп мазаның,  
Үстей берді бейбіт елге азабын.

Кегін алып, орнатпаққа заманын,  
Жасап өтті ең ауырын қазаның.  
«Күдіктіге» берді зілін жазаның,  
Зұлымдыққа жалгастырып мазагын,  
Пайдаланып күш пенен жау-жарагын,  
Талау үшін көп аударды назарын.

Кольчак құрып, бойға тарал тамағым,  
Сезді жаным сағ ауаның самалын.  
Бірте-бірте көзі ашылды сананың,  
Бойға сіңіп үлгі үні дананын.  
Үйқы ашылды, тура алға қарадым.  
Жұлдыздай боп жайнап тұрды жанарым,  
Ынта, жігер, талпынысым, талабым,  
Қиратқандай надандықтың қамалын.

\* \* \*

Аштыкта, жалшы болдым он үшімде,  
Жұдеп-жадап күн кештім сор ішінде.  
Бұғанам қатпаған кез, бойым өсіп,  
Шыбықтай әлсіз еді қол күшім де.

Болғанмен бейнем адам, күнім малдай,  
Төсегім төл бөлмеде төл ішінде  
Қарын аш, киімім кір, алба-жұлма,  
Болса да байды көрсем дем ішімде.

Сорладым таң атудан – ел жатуга,  
Зор мәре, жұмыс бітсе күн батуда.  
Мазасыз мал төлдейтін сәуір айы,  
Сақаусын шаршадым деп тіл қатуға.

Жұмыстар жан қинайтын жүйе-жүйе,  
Ер-әйелі «құдайдай» маған ие.  
Миыңды мылжын сөзбен мәнгіртелі,  
Кезінде құлындайтын тұмса бие.

– Су әкел, отын сакта.  
– Жас төлдің күт.  
– Кел бері.  
Отка қакта, жабағы тұт.  
– Тазала төлдің астын.  
Қимылда тез!  
– Айналдыр зауытты да сұымай сұт.  
– Желіден көнекті әкел сүті толы,  
Бос емес сауыншының екі қолы.  
– Көгенде қозыларды.  
– Қой қосақта!  
– Баланың аты болып ойнат оны.  
– Жеті атан жарымаган қыршаңқы таз,  
– Шым ойып іргені жап...  
– Жерошақ қаз!  
Бәйбіше бүйірады жұн сабауга,  
Басымда басқа бейнет болғандай аз...

\* \* \*

Шілдеде шықты қожа алып шөпке,  
Шөнте ол үйіктаңады ширек сотке.  
Қарайды басқаларға бақастана,  
Дегендей онімдері аз ба, көп пе?

– Үштауга маяға шық.  
– Түбін түпте.  
– Айналдыр отқайрақты, өй шикі өкпе!  
– Шақшамды толтырып қой насыбайға,  
Бұрайлап, қалампырлап баптап үк те...

Мұлтіксіз көп жұмысын істесем де,  
Ынталанып кей істі үстесем де,  
Мырзаға жақпай қойдым ешқашанда,  
Шамамнан артық қылышп күштесем де.  
– Сейтеннің есі жарым, шамасы, – деп,  
Адамға жатпайды көз қарасы деп.  
Қорлады намысымды арды азаптап,  
Перінің тастап кеткен баласы деп.

Мырзаның естідім де улы сөзін,  
Анық жау екенине жетіп көзім.  
Жұмысын тастадым да кете бардым,  
Қанымды сорғанына етпей төзім.

5.

Казір айтар кесесім,  
Кезінен көп кеш екен.  
Қалдырган бел белесін,  
Өмір ұлы көш екен.  
Тоқтатпаган егесін,  
Өлім, өмір өш екен.

Жүрді жиі насиҳат,  
Жалшы менен жарлыға.  
Коммунистік ақиқат,  
Тараап тұрды жаңғыра.  
Айқасқанда екі тап,  
Жыр ұқсады жаңбырға.

«Байынта бай қылышын,  
Әрекеттің әр қырын.  
Дөп түсіп тұр оларға,  
Бұғалығың, құрығың.  
Ордасына сен ие,  
Түспек үстем құрымын».

Құты асып-тасқанды,  
Конфискелеу басталды.  
Қара бұлтпен бұркелді,  
Бұлтсыз ашық аспаны.  
Ол науқанды күрескер,  
Коммунистер басқарды.  
Ақ ордалар жығылды,  
Байға туып таршылық.  
Би-болыстар бұрынғы,  
Жасаң бакты қарсылық.  
Теріс үтіт жасайтын,  
Еді қулдар баршылық.

Безеп улы найзасын,  
Жылан сұсты тұрмай ма?  
Сөзгеннен соң оңбасын,  
Беріле ме оңайға?  
Тиек етіп тіліме,  
Тоқталайын үш байға.

Алматыда отырған,  
Зиялышы зид' қашқын.  
Ділде өшпес кек-тұғын,  
Бекініс қып жар астын.  
Ұртына у толтырған,  
Пана етіп бөрік астын.

Хабарлаған туысқа,  
Айла әдіс тәсілін.  
«Атпақ жасын ұлысқа,  
Тіле сауын басыңың.  
Сат, сой, тығын, тез ұста,  
Мұкаммалдың асылын.

Балғаластар, байшылдар,  
Жадыгөйлер жасқалды.  
Зиялыштар «ойшылдар»,  
Ығыстырып тасталды.  
Женіп жалшы-малшылар,  
Алғандай-ды асқарды.

Дүйсенбісі Дайырдың,  
Отпен етті дұшпанлық.  
Қайдауылын Қайырдың,  
Жұз жылқымен ұстадық.  
Бір экесі Зайырдың,  
Бек жүргізді мыстандық.

Заң орыны таппады,  
Бай ұлы деп Зайырды.

\* Зид – кас, дүнипай

«Білгір куә» актады,  
Қаймана деп Қайырды.  
«Жетім» – жалшы атанып,  
Зайыр жігін айырды.

Дидарланды Дүйсенбі,  
Құшып сүйіп Зайырды.  
«Бол, – деді Бек, белсенді,  
Сейт те өрт бол дауылды».  
Қайыр: Қауіп – қатерлі,  
Зердесіне зәр құйды.

\* \* \*

Конфиске болды Зайыр жақындары,  
Жүргегін жарапады жақын зары.  
Өзегі өртенсе де қайғы-мұнға,  
Сыртқы бейне қылыштай жарқыллады.

Аймалап жер аударда «жетімегін»,  
– «Берген жоқ сені Құдай бізге тегін.  
Қиятын жау жслкесін бидайықсың,  
Не жасаймын десен де, жетеді ебің».

Аталмыш үш тұқымы егілгенде,  
Көк алу ісін қалап емінгенде.  
Тұрды ол тісін қайрап, каны қайнап,  
Етердей тасты талқан тебінгенде.

– Қажыныш-қамықпандар, әкелерім,  
Алмаса бала азғын әке кегін.  
Құранды ұстап тұрып ант етейін,  
Өлсем де кектерінді әперемін.

Зайырға артты байлар аманатын,  
Мақсатың бізге бақыт – алапатын.  
Алдымен ебін тауып көздерін жой,  
Согтатып Сұлтан сынды азаматын.

## **КОЛХОЗДАСУ**

«Ел болып күшінді қос, жаса бірлік,  
Ұлы күш біріккен соң алып тірлік.  
Үйірлеп конфискациялік мал берілмек,  
Кедейге ауды байдың құты» – дедік.

Атандық әуелде тоз – мойынсерік,  
Бірлесу-бірлеспеу де болды ерік.  
Сапасы атына сай болғандықтан,  
Бұдан да тиімдісі колхоз дедік.

Таратып жібердік тез біз тоздарды,  
Одан күшті деп тауып колхоздарды.  
Сол науқан аяктала берген кездे,  
Дүниені дүрліктірген сөз қозданды.

Қазақтың қасиетін білмейтүғын,  
Ел екен деп көзіне ілмейтүғын.  
Голощекин дейтүғын әмір болған,  
Бұйрықты Сталиндік үндейтүғын.

Әмірі көрмеген ол көшпендіні,  
Тағдырдың сан кеселін кешкен елді.  
Социализм мұлтіксіз орнайды деп,  
Ойлаған жекеменшік өшкен күні.

Бақсыдай жыны буып тебіренген,  
«Бастаймын жаңалыққа елді деген.  
Дамуға уақ ұйымдар көп кедергі,  
Ірі колхоз құрамыз кемелденген».

– Бұл бұйрық жарыспенен орындалсын!  
Саспастар абақтыдан орын алсын!  
Деп қайталап бүрқанды жынды боран,  
– Сары аяз сазарудан қорынбасын!

Әмірдің ызғарынан ел үрікті,  
Тасқын төніп келгендей дурлікті.

Жиырма колхоз жиылып күртік қардай,  
Көрсегті желтоқсанда ірілікті.

Қантардың қатты желі қар көшіріп,  
Үйтқи борап иірімін ыққа есіріп,  
Қара мал паналатар қалқан болды,  
Ұсақ малды жайлады жұт есіріп.

Сталинге хат жазған Голощекин  
Бұзбай тұрып қазақтың тұрмыс көркін.  
Қайнатып қаталдықтың қара қанын,  
Жоюға елдің еркін, құрды сертін.

«...Қазақта болған емес жұмысшы тап,  
Жарлы-жалшы дегендер буржуа уак.  
Мазмұнын октябрьдің сезінбекен,  
Тұрмысы, салт-санасы феодалдай нақ.

Орнату қажет кіші Октябрьді,  
Бас иіп кім болса да құптар құнді.  
Көздесген бір нысанам орындалды,  
Жойылды конфискемен кілең дүрі.

Қалтаган қара құрттай қулактары,  
Азық-тұлік тапсырып құратпады.  
Оларды арамшөпше отау ләзім.  
Отырмын соңғы шыңын құлаткалы.  
Голощекин жүргізген саясатты,  
Сталин мақұлдаймын деген қатты.  
Әмірші ауыздығын алғанишан соң  
Сан қылы зұлымдықты жасап бақты.

Қасқыр иттей оспадар белсендіні,  
Содырлы соткарларды белсендірді,  
Солардан Комсол атты топ құрғызып,  
Мәңгүрт стіп талайды теңселдірді.

Байлардың осы кезде көнілі өсті,  
«Сәтті шақ кек алуға» деп те шешті.  
Біздерге қар жауғанда, кедейге кәрі  
Дегенге иланған жұрт үркे көшті.

Кейбір топ өлмей дәурен сүрем деген,  
Шұбырып шетелдерде сүмендеген.  
«...Тігерге тұяқ қалмасын!» – деп ұрандалап,  
Голощекин тағы да сүрендеген.

Ел қамын ойламаган өз белсенді,  
Қиғылық қырсығымен езді еңсені.  
Шайқады ел дәuletін, сән сәүлетін,  
Қатыгез тонагыштай ақ семсерлі.

Белгілі соның бірі Зайыр бастық,  
Алынты бай қаласын<sup>1</sup> бауырлас қып.  
Ант ішкен ата кегін алу үшін  
Жасаған колхозына кекті қастық.

Қарақшы қанды балақ: Мұса, Мәкен,  
Қамдаушы қару-жарак ақсақ Бәкен,  
Жасауға мал паспортын маман болған,  
Атақты алаяқ қу хатшы – Мәтен.

Зайырмен мұның бәрі болған қолдас,  
Дейтіндер: «Қолдасы жоқ жігіт оңбас».  
Үәж етіл «сақшылықты» жылқы қырган,  
Жыртқыштай тұн жамылып інге қонбас.

Бұлігін жасап бақты зұлым Зайыр,  
Ысқырған айдаһардай тілі айыр.  
Қырғынға колхозшыны ұшыратты,  
Әріптес – Мәкендерге етіп хайыр.

---

1. Конфискациянан кулактар бір жерге конвертируйлған. Ол село  
Бай қаласы деп аталған.

Тұншығып айтпадым ғой мұндай мінді,  
Күйінем еске алсам сол бір күнді.  
Халқым қалай көтерген? – деп танданам,  
Басына бастырықтап артқан зілді.

7

Бұл елден біздің колхоз кем соқпады,  
Тұрганда Сталиннің қол шоқпары.  
Біркелкі шаш ал десе, бас алатын,  
Шыгарды жалақтатып кіл сотқарды.

• Мұқымы Пішенбайдың еді бастық,  
Жасады колхозына өзі қастық.  
Үш үйір жылқы ұрлап қашып кетті,  
Кенсені құлыптаған жауып тас қып.

Мұқым кетсе, түр екен бастық дайын,  
Қақаған қаталдықтың білген жайын.  
Халықты құйзелтуді мақсат көрген,  
Ұмытпан Әубәкірдің Қайырбайын.

Көз көріп, естімеген тұрмыс жайын,  
Қабындасты ел көріп қайғы-уайым.  
Асыра сілтенетін апат шығып,  
Меншікке қалдырмады тағал тайын.

Мұнда да жедел жүрген «тұнгі жорық»,  
Тастантын жылқы басын баудай орып.  
Малындай атасының рахаттанып,  
Семіздің сар қазысын жатқан сорып.

8

Қамданым Алматыға оқу үшін,  
«Мұның жөн» – деді әкем – жетсе күшін.  
Бастыққа аманаттай айттым тілек,  
Әмірдің сезіп ауыр суық сұсын.

– «Қам жеме, семьяңа, Сейтен досым,  
Алансыз бол.  
Сапарың күтты болсын!  
Оразам ашылмайды сіздің үйсіз,  
Өйте алмасам, ішіме қайғы толсын!»

Алматы жөргеп мені аясына,  
Нұр тұнған бау-бақшалы саясына,  
Жанымды жадыратты шөліркеген,  
Төбемді тірегендей ай астына.

Көшінен замандастар қаламын ба?  
Каналды қаздырайын қаламыма, –  
деп жүрген мақсат-мұрат мансұқ болды,  
Жар тастай бөгөу түсіп талайыма.

Анамдай алтын ұям құшқан кезде,  
Қиянға қанат қағып ұшқан кезде,  
Құлатты қарлы құзды маган төтеп,  
Өтірік белсенділер – дүшпан лездे.

### *ӘКЕХАТЫ*

Жүрмісің есен-аман, күндей ұлым?  
Жоқ едім ала көніл өткен бұрын.  
Ақырғы хатым болар саған барган,  
Берік бол көз жанағым мұңым мұным.

Бұлікшіл белсенділер бермей тыным,  
Қалып еді бар болғаны бір пүт ұным.  
«Тұқымдық» деп Қайыrbай құшпен алды,  
Шешенін жүнше жұлып ақ бұрымын.

Қайыrbай: «Астық тап» – деп ұрды-соқты,  
Баукеспе өзіндейден құрып топты.  
«Тұқым қорын қүюдь» желеу етіп,  
«Тап!» – деді комсад құрып қолда жоқты...

Лепірген Комсад емес кәр сот дер ем,  
Қалмады жолсыздығы көрсетлеген.  
«Астық коры» – деп алды үн мен майды,  
Акт жасап, «Байлықты қөксеп келген».

Бастықтың «тапқышы» бар қуыс таяқ,  
Тіміскең астық тапса бірер аяқ,  
Сорлыға жалған жала жабылады,  
Сотталмай қалатындар некен саяқ...

Шырмады көбімізді қазақшылық,  
Айттар сөз, күйінгендеге – «қайда шындық?!»  
Ашынып, ашыққандар бұлқынғанда,  
Ақылгөйсіп дейміз біз бұзба шырық.

Ерекше бұл елінді жайлады аштық,  
Үдере үдей соқты түрлі қастық.  
Қар жауып қабагынан қақырайды,  
Ыңғарлы, қыс қылышты сұсты бастық.

Зобалан алай-дүлей туды замал,  
Қанғырып кетті кеше Нұрлан аған.  
«Тамағынды асыра» деп жібердік,  
Белгілі бұл жағдай да болсын саған.

Үш інің, қарындасын, абзал анаң,  
Бәрі де ісіп жатыр күні каран.  
Біздерді өз қолыңнан жерлөр едің,  
Тезірек келсен, балам, жетсе шаман.

Тұысты баршылышқта әркім таныр,  
Мұндайда ку емендей етер тағдыр.  
Жасырмай жағдайымды айтып едім,  
Сыйлады бір қап картоп Сергей тамыр.

– «Тамыры бұл жағдайдың терен жатыр,  
Табиғат жер-ананы етті тақыр.

Бар мәзірім, жәрдемім осы болды,  
Қолымды ашқызбады заманақыр...

Деді ол: – «Қайран тамыр-бейнең пакыр.  
Күнін қараш болсаң да қандай батыр.  
Семьян өлмей тірі қалсын десен,  
Баландағы оқудағы жедел шақыр».

– Бұл нәубет обадан да болар ірі,  
Күннен-күнгө асқынды басқан зілі.  
Сен барда колхоз болған бес жұз үйден,  
Кеткені қара орыннан үштің бірі.

Айрылды анадан қыз, агадан ұл,  
Қаралы талай қатын ерінен тұл.  
Көр болар жетеумізге осы жер үй,  
Құлыным жалған емес, ақиқат бұл.

Құдай-ау, бұл не қыспак?  
Неткен жаза?  
Толассыз берді жаза, елің наза.  
Аштық пен ұру-соғу себеп болып,  
Жуықта үлкен ағаң<sup>1</sup> болды қаза.

Халым жоқ жер казатын, бет жабатын,  
Сарқылды бар қуатым нәр табатын.  
Бақыл бол бәрімізге маржабатпен,  
Қуатың болмай қалса қол созатын!..

\* \* \*

Жазбайтын әкем бұрын сары уайым,  
Жайғана паш ететін тұрмыс жайын.  
«Тамыры табиғаттын тартылды» деп,  
Бір хатта хабарлаған ауа райын.

<sup>1</sup>. үлкен аға – әкемпің тетелес інісі

...Барлық мал орталықта – колхоз мұлкі,  
Гүлденбек барған сайын өмір көркі.  
Деген сөз бекершілік болмаса игі,  
Әркімде көлеңкелі ой біркелкі...

Куартты қызыл дауыл жайылым жерді,  
Суалтты түгел дерлік айдын көлді.  
Біздің ел тұқымды да құя алмады,  
Майдагы зая кетті маңдай тері...

Оқи бер біздер үшін болмай алаң,  
Еңбеккөр бар тұрганда Нұрлан ағаң.  
Тұғырдан мен де түсіп отырғам жок,  
Өлі де бір жігіттей табыс табам.

Дейтұғын әке хаты кілт өзгерген,  
Қындық, нелер қырсық, сор кез келген.  
Тұрганын ажал төніп баяндапты,  
Тәрізді ертенгісін анық сезген...

Адамдай суға кеткен тасқында мен,  
Соққандай сол сүмдикты жартастай сен.  
Буалдыр, бұлыңғыр күн булықтырды,  
Жүрек сыйдал,  
Сандалып жүрдім мен-зен.

«...Семьям қырылғалы жатыр» – десем,  
«Екенсің халық жауы қайтқан есеп».  
Дейтұғын НҚВД дайын тұрган,  
Тергеуден күр қалмайсың ол кезде сен.

### ***ШЫРЫН***

Есімде жазғы айы отыз бірдің,  
Сау жойдың жұмысымен елде жүрмін.  
Көтердік «Қызыл отау» шаңырағын,  
Жигандай жұмыс еді қызын үрдін.

Қыздарға «қызыл отау» қызыл ғұлдей,  
Салтына феодализм еді мірдей.  
Танымай ақ-қараны қазак қызы,  
Болар еді баяғы қара күндей.

Алғандай шыңыраудан алтын қазып,  
Үлгірді екі айда оқып-жазып.  
Жұтқандай бал бұлақты бәрі мәре,  
Тапқанға шөліркеген жанға азық.

Аларын білді өмірден сыйбагасын,  
Оқыды оқу-білім ұнагасын.  
Әлеумет ісіне де араласты,  
Білген соң қиянатқа шыдамасын.

Ұқсайтын бір қыз болды күлсе күнге,  
Тұрғандай ләzzэт құйып жүргегіне.  
Нұрымен жарық қылып күнгірттікті,  
Жұлдыздай жарқырайтын айсыз түнде.

Өкшеге сәл жетпейді қолаң шашы,  
Жінішке туған айдай құндыз қасы.  
Қыр мұрын, қызыл ерін, карақат көз,  
Нәзік бел, көз тартады тік тұлгасы.

Алады көздің жауын ақ тамагы,  
Арзан сөз сейлеуге де сақтанады.  
Онымен кезіккеннің мысы күрып,  
Есінен шатасуға шақ қалады.

Даналық сөз естісе шаттанады,  
Жангандай есептейді бақ-таланы.  
«Жүргегі жүзінен де сұлу ғой» деп  
Женгесі Шырынымен мақтанады.

Көктегі күндей еді маған Шырын,  
Күн сайын ала алмадым көзге шырым.  
Мен сені жүргіммен сүйем деп те,  
Тіл, шіркін, айта алмады жалын шынын.

– Бұлбұл құс қазір гүлсіз күн кешуде,  
Гүл Шырын күндіз-түні жүр есімде.  
Дәнекер болуыңды өтінем!? – деп  
Дәттедім арманымды жеңгесіне...

Мақсаттың оку болды бір тарауы,  
Еді ол қос жүректің зор қалауы.  
«Оқысақ... бір қаладан» – дейді Шырын,  
Жүзінен шалқып тұрып от алауы.

...Қиналдым Шырынымды ала кетпей,  
Әуелде уәделескен сертке жетпей.

«...Тұрымтай тұсынаның» кері болды,  
Шаттықпен бір қалада өмір шекпей.

Окуга аттанарда Шырын маган:

– Тілеймін деді саған құтты кадам!?  
«Биылша Қызылжардан оқуың жөн,  
Масыл боп ерме» деді сағап ағам.

Ағасы Сұлтан дейтін зерек жігіт,  
Біз тұтіл, дүйім халық еткен үміт.  
Шырыннан кем көрмейтін мейірбанды,  
Мәз сді мәні корсе ділі жібіп.

Артымда қала берді Шырын балым,  
Бір жылға кешіктіріп тойдың қамын.  
Жұнгасқан достық жайын анық білді,  
Маган да жаман ойлы Зайыр залым.

\* \* \*

### ***ШЫРЫН ХАТЫ***

Алған соң әке хатын келесі күн,  
Естідім «Биле» деген достың үнін.  
Достар-ай, күн деппін гой кешіре гөр,  
Ол күннен жұз есе артық бір шұбар түн.

Міне бұл жан тынысым – Шырын хаты.  
Көрінді айдай болып хаттагы аты.  
Орнаган бишарага бақытсыздық,  
Бәрі де Зайыр сұмның киянаты.

Жүрмісің есен-аман, Есей жаным!?  
Өзіңе жан жүрегім еді мәлім.  
Ақ тотың осы кезде торда деп біл,  
Жарап ед быт-шыт етсем жетіп әлім.

Зайырдың Түмен жакта бір ұрысы,  
Қашаннан болған екен зор тынысы.  
Алдында конфискенің қашып кеткен,  
Сықалып қоржындарға бар ырысы.

Іштегі сол сүм келіп суман қағып,  
Сұр бойдақ інісінің жайын шағып,  
Құда қыл Бектемірді белден басып,  
Қызына кетем деген белгі тағып.

Қылпыған қылыштайын жалтаңдаған,  
Досының тілегінен жалтармаған,  
«Құда бол Артықбаймен, Шырынды бер»,  
Деп Зайыр әкеме көп жампаңдаған.

– Жыл ауыр, астығың жоқ күн көретін,  
Қыз беріш, қалың алар келді ретін.  
Мейірім жоқ қон етінде Артықбайдың,  
Ер адам жомарттықты білдіретін.

Болады астық менен, ақша одан,  
Қыдырдың құдығындей құтты құдан.  
Алтын бас енкейгенде шалқаям деп,  
Болмасын, қалған көңіл – нақ шыққан жан.

Басынған бастық сөзі желке баспай,  
Жүргегін суындырған қара тастай.  
«Қызымды жарымеске бермеймін» – деп  
Сорлы әкем өлімнен де тұрған қашпай.

Одан соң жәдігөйсіп келді маган,  
«Сотталып қателіктен кетті аган.  
Сен менің айтқаныма қөнген болсан,  
Өлкелік сотка ізденіп өзім барам».

– Жеті атан жеті мыстан болған костас,  
Артықбай әріптесің жастан достас.  
Құр емес құда болсаң қыздан қолың,  
Дедім мен – Шартықбаймен қылсаң бастас.

Долданды зор қылмысқа баратындей,  
Тірідей мені отқа жағатындей,  
Бір кезде қалтасынан қару алды,  
Табанда жарқыратып жаратындей.

Бұл күнде ішімде шоқ жаным жара,  
Қагусыз Зайыр бейне мүйізді ара.  
Сұлтанды алты жылга сottаттырды,  
Өтірік неше түрлі жауып жала.

Зайырдың қолында түр барлық тетік,  
Жіберді әкемді де тентіретіп.  
Мамамды аш-жалаңаш жұмсаған соң,  
Әл үсті халде жатыр сұық өтіп.

Жағдай жоқ үйде қалып оңатындей.  
Көрінді Зайыр ажал болатындей.  
Сезілді уы жиі жауатындей,  
Жылтыстым жазамен жер ауатындей.

Аман бол аспандағы алтын айым!  
Адамның алапаты сары уайым.  
Біз үшін тағдыр қазір қара тастай,  
Құдыққа құлайтындей құралайын.

Жігіттің санатта жоқ бордай босы,  
Ез болса есі аудады, ауса қосы.  
Өмір сүр, өлімді жең, есір өркен,  
Еркінсір ер жігіттің жолы осы.

Бақылық болуым хақ, Есей жаным!  
Кетеді жерге сініп шырын-балың.  
Болғанға – болат болып қарыссам да,  
От үміт өшетіндей мүшкіл халым.

Құнгे үқсан бұлттан шыққан үйгес келсен,  
Жатканда әл үстінде актық корсем,  
Солдым-ау, шешек атпай демес едім,  
Бір ғана құшып тұрып, сүйіп өлсем!

Басымды бұлағай сұр бұлттар шалып,  
Ортеніп тұрды өзек қүйіп-жанып.  
Бақытым, махаббатым, ең асылым,  
Теңізге тұншыққандай болып гарық\*.

## 10

Ата-ана, бал Шырыным,  
Түскен құзғын уысына.  
Естігенде жан шырылын,  
Кім болыспас туысына.

Тарттым тура ауылым,  
Адам үшін алыстағы.  
Ата-ана бауырыма,  
Тірі болса табысқалы.

Макушинен\* келіп түстім,  
Табиғат тым сүренсіз.  
Жан шошырлық кейіп-кескін,  
Аштар сансыз ренсіз.

Қанқаларға кепкен тері,  
Қапталғандай тұлғалар кіл.  
Басқан аяқ кетіп кері,  
Сылтау таппай құлауга жүр.

\* гарық – сұға бағу

Осы көптің арасында,  
Жұрғаламат бір жайқын.  
Қорқыныш.  
Көз қаrasы да,  
Қызылары ап-айқын.

Жақынады ол бойжеткен,  
«Қайда көрдім?» – деймін бұны.  
Біткен мүлде құрып дымы,  
Суық өткен сұры кеткен.

Жалтылдаған беті ісік,  
Құлгін тартып құлтілдеген.  
Ісік беті жолда үсіп,  
Жалқаяқ бол іркілдеген.

Ұшып түсті жылжи беріп,  
Әлі құрып, жүрек талып.  
Басын сүйей бердім келіп,  
Тас тағдырга қайран қалып.

Есін жиды.  
Қыз сорлыдан:  
– Аты-жөнің кім? – дедім мен.  
– Қаштым, – деді бір содырдан.  
– Айтшы өзің, кім едің сен?  
– Мен Сейтемнін.  
– Мен Щырынмын.  
Аңсарымсың жан нұрымсың!  
Ті-леп е-дім, кү-ні бұ-рын,  
Жү-ре-гім-нің сен жы-ры-сың.

Үи үзілді, сонді жанар.  
Бола қалды өзге өнді.  
Кілт тоқтатты ажал-тажал  
Ен аудан алар демді.

---

\* Макушин – станция

Өлді жүрек тынышталды,  
Жас жүргегім жалындағы.  
Тағдыр гүлді қылыпштады,  
Шырын оған жалынбады.

Екі күндей қабыр қазып,  
Жерледім де Шырынымды.  
Жүрек жылап, жаным азып,  
Қойып кеттім шыбынымды.

Миды ойды басты тұман,  
Қара қайғы қабындағы.  
Шаққандаймын улы жылан,  
Еш жұбаныш табылмады.

\* \* \*

Қазақтар қара құрттай келген босып,  
Жұр жосып,  
Соның бәрі поезд тосып.  
Күн сайын босқын саны арта түсті,  
Біріне-бірін жатыр тағдыр қосып.

Жөн сұрасам:

- Жел үрген біз бір қаңбақ,  
Таңдаган сайымыз жоқ бостық аңдал.
- Қазақтың құт қазаны еді ғой деп,  
Белімді буып шықтым Сібірге арнап.
  
- Өлшеусіз түсті басқа ауыр салмақ,  
– деп әйелдер жылайды мұнды зарлап.
- Кездесер «Өлмейтінге – өлі балық»,  
Еңбекпен күн көрмекпін жанды жалдал.

Десем де енді жоғым табылмайды,  
Бұл басып бүркегендей күн мен айды.  
Боранда қақап тұрған бұрсөң қаққан,  
Халықтың зобалаңы қара қайғы.

Бұл айдың қазақша аты – отамалы.  
Тугандай казак халқын отагалы.  
Қақаган қысы қатты қалтырратты,  
Айналды күйкілікке Отан әрі.

### **ЖОЛДА**

Арқалап чемоданды келем жаяу,  
Қаркыным күннен-күнге болып баяу.  
Екі жұз шақырымдай біздің аудан,  
Жанымда жолдагы жайт салды қаяу.

Бұлагай боран алдан осы үріп,  
Қасқырдай қан құмартқан шулап-ұлып.  
Ілгері бастырмайды басқындарды,  
Тұсаудай үскірік жел бермей ырық.

Жұруге халы біткен бір топ адам,  
Селдірлеу шоқ ағашты панаған.  
Ышқынгап зар шығады, әйел даусы,  
«Шынымен тұғаны ма ақыр заман».

Көргенім келер күні үрей сүмдық,  
Бір адам өліп жатты түсі суық.  
Жабылмай қалған көзі өнменді атты,  
Айтқандай соңғы сөзін «өліп тындық».

Жаяуга бір қарт тегі жарамаған,  
Тұздай қар қойын-қоншын аралаған.  
Сүйенген күйі өлгсін бағанаға,  
Көргендер оны өлік деп санамаған.

Жаны бар жай-күйі жок бишараптар,  
Ыңырысып үн қатады араша олар.  
Киізге ұқыпты орап, шандып таңған,  
Үстінде бара жатты қол шаналар.

Жолымның қалың орман он мен солы,  
Күйінген кокірегім мұңға толы.  
Домалап әлдекімнің басы жатты,  
Шашылып қасқыр жеген аяқ-қолы.

Көрместі түсімде де жолда көрдім,  
Жас жаным түршіксе де төзіп көндім.  
Құныңа пұл жетпейтін, қайран адам,  
деп егілдім, – жыртқышқа жем боп өлдің!

Қорықтым қанға батқан Нұрлан ба деп,  
Ел-жұрттан, үйден ажал қуган ба деп.  
Сүм ажал бауырымды жолда жойып,  
Үйдегі барлық жанды қырган ба деп.

Бұл жолда көргендерім –  
Батпандап арқалаған мұң салмагым.  
Үстіне осыншама қасіреттің  
«Шырыным, гулзарым!» – деп жыр самғадым.

\* \* \*

Жүргім өрт тигендей қалың қауга,  
Еркім жоқ өзегімнен қабынбауға.  
Паш еттім белсенділер бейбастығын,  
Болғанда басшыларда – қабылдауда.

Оқыдым экем менен Шырын хатын,  
Паш еттім қос бастықтың атал атын,  
Колхозды жері құрттай жегендігін,  
Олардың жатқа еткен шапағатын.

Болғанын бар қажеті орталықтан,  
Соғымды ұрлап жесуін аш-арықтан.  
Қалғаны бір мың бастан қырық жылқы,  
Колхоздың құрығанын корқаулықтан.

Білгенді қылмыстарын жазалатқан,  
Ақтан-ақ ондаған ер жаза тартқан.

Ақыргы астығы үшін таласқанда,  
Женгесі Қайыrbайдан қаза тапқан.

Колхозшы аштан өлген жұзден астам,  
Тарихта сұмдық бар ма бұдан асқан?!  
Жазықсыз шаруаны жаудай тонап,  
ЫІскырып сұр жыландай зәрін шашқан.

Кей үйдің тып-типыл боп өшкен күні,  
Ол апат қуантқандай өшпендіні.  
Бұрынғы бес жұз үйлік колхозымның,  
Кеткені босқын болып үштің бірі.

Арттырыш каталдықты қара тастан,  
Жаудырып жек көргенге жала-қастан.  
Қайыrbай жүріп жатыр бастық болып,  
Аяққа адамдық пен арды басқан.

Халықты қайтесіздер қалжыраган?  
Көбінде олердей хал қан жылаған.  
Тел емген тай тәрізді белсенділер,  
Жып-жылтыр майы беттен тамшылаған.

Тап болған тас тағдырдың дауылына,  
Көңілді аударындар ауылым.  
Адамды тала десе тап беретін,  
Қасқыр иттей белсенді қауымына.

Мен түгіл сенім артқан қанша қауым,  
Сіздерсіз пана етер асқар тауым.  
Жұмысқа орналассам деймін жедел,  
Жайнайды сонда ғана бақша-бауым.

Жаламен кімді құртты?  
Нені үтты?  
Қарастыру жөн болар қанды ұртты.  
Қаскейдің де камбасын қарайықшы,  
Қыргынан сактау үшін қалған жұртты.

Бастықтар макұллады ұсынысты,  
Тұп-түгел тұрмысъма түсіністі.  
Сейтеннің мәлімдеуін еске алып,  
Озгеріс жасайық деп сөз түйісті.

- Сіз үшін табылады жақсы жұмыс.
- Сүйген жұмыс, – дедім мен бақыт-ырыс.
- Мектепте оқу ісін менгеріңіз.
- Сізге қарап тұрғандай кей бір тың іс.

\* \* \*

## II

Кезіге кетті кенет Шәріп деген,  
Бастықтың әріптесі дәріптеген.  
Жолшыбай сөзге тарттым оны ептеп,  
– Кімдер бар колхозды жеп дәнікпеген...?

Айтыпты келгенімді Қайырбайға,  
– Қарғаша өрттің бетін қайырмай ма?  
Салып кел «Қарғашанды» қарап жатпай,  
Достарың тауып берер қайырлы айла.

Ауданға бастық іле барған шауып,  
Исасын ГПУ-дегі алған тауып.  
Оқудан қашып келді Сейтен деген...  
Пікірі... әсіресе бізге қауіп.

– Тантытпай жауап алып шыргалаңыз,  
Біржола жөні келсе шырмалаңыз.  
Қалай бүрем десен де сығымың нық,  
Мойындар болмағанды «шыға нағыз».

Иса кірген ауатком бастығына,  
Сейтеннің таныссын деп қастығына.  
– «Қайырбай куә болмақ бұл жұмысқа,  
Жаулықтың көз жеткізбек растығына...»

– Анык жау Сейтен емес, Қайырбайың  
болып жүрер,  
Қарағым, байымдағын.  
Колхозы неге оның жау шапқандай?  
Максат бардай қарымта қайырайын.

Хатшы да кісі еді әділетті,  
Мен айтқан дерек етіп мәліметті.  
Исаның «достық» аузын жаптырыпты,  
Тәрік қылып жалалы әрекетті.

Жаланы жоғарыға жолдаганмен,  
Лудандық досы біраз қолдаганмен,  
Мен жагы таразының баса берді,  
Жасынды үлгіттар басты торлағанмен.

Тергеуші арызшыдан бұрын келді,  
Өтірік белсендіге қырын келді.  
Мен-дағы отыр едім «жаяу қайдалап»  
Сыбанып екі бірдей түріп женді.

Бастықтан бастап тінту жүргізілді,  
«Қарымта» деген үндер шықты зілді.  
Қақтаған бір тоннадай ет шыққанда,  
Көргенлер деді бұның жұлыны үзілді.

Азықтан ет қана емес табылғаны,  
Үш кап үн, тонна бидай тағы бар-ды.  
«Жем болмас жеммен келген» дегендейін,  
Үш пұт май көгеріпті карындағы.

Ашқыздық жиналысын колхозшының,  
Бастықтың баяндадық бар шығынын.  
Өсіріп-әсірелеп сөйлемедік,  
Фактының аян еттік нақшындығын.

Бастықтың жандайшабы сөйлеп кетті:  
– Кеудемді аны ыза кеулең кетті.

«Шірилі балық бастан» – деген осы,  
Үдettі өз қолынан бұл нәубетті.

Жұздеген малды өзі жайгастырды,  
Биені білеzікке алмастырды.  
Жел-күйын жүйрік беріп, жүзік алып,  
Достыкты ұрылармен жалғастырды.

Келіннің үлде киіп малынғаны,  
Құлпырып алтын, ақық тағынғаны,  
«Береген қол – алаған» – бәрі байдан,  
Үстіне қамқа тонды жамылғаны.

Бұл менін досым еді бала жастан,  
Сыр-сұхбат сүт пен судай араласқан.  
Бұл биыл қайта туды қасқыр болып,  
Соттатты қайын атамды қылып қастан.

Мен бұған күнім үшін жақын жүрдім,  
Азықтық кор жинадық екі жылдың.  
Уа, халқым, кінәлімін алдарында,  
Дегенді – «сұқ семірмес» бүтін білдім.

– Ұйымдақсан байлықты – ен дәулетті,  
Бас болсан, ойсырата же демеп пе еді?  
Сен бейне елге тиген өрттей болдыш,  
Адал деп саған халық сенбеп пе еді?

Комсотың қасқыр иттей таласа да,  
«Өткеншек етіп бізді сабаса да.  
Айызың қанғандай боп тамашага,  
Күлгенсің ләйлігендей анашага.

Меніңше мұны сотқа беру керек,  
Шіріген жұмыртқа деп жеру керек.  
«Пламя» колхозына қосылайық,  
Қоиды елдің қойынына ену керек.

– Қаныпезер халықты сыйламаған,  
Дейтінсің, «Нең бар берер сыйга маған?»  
Тінтілген қандай екен, ей, мейрімсіз?  
Көр енді табаныңды сырғанаған.

– Ұяды ойран етті пасықтығың,  
Тоқтатты окуымды құсыттығың.  
Олгені өліп, өзгесі қаңғып кеткен,  
Жасайды дәл осындақ қырсықты кім?

Сындырды алыстан-ақ қарымды кім,  
Момын едім қайнатты қанымды кім?  
Комсадтын соққысынан әкем мәнгүрт,  
Семья аш,  
Қазір маған тарылды күн.

Корлады қиянатпен қауымды кім?  
Қангыртты жапа-жалғыз баурымды кім?  
Бір әкемнің тұндігі жабық қалды,  
Қотерер осынша зіл-ауырды кім?

Халық аш қырылуда бала-шага,  
Айналған зиттығынан<sup>1</sup> бишарага  
Нәубеттің қырсығынан құтқарсам деп,  
Жең түріл түстім міне арашага.

Қайтарман кастығының жүзден бірін,  
Жумасам жүргімнің жырмен кірін.  
Айнаға окпелеме, бетің кисық,  
Көрінер тым жексүрін кекшіл түсін.

Барғанда құлағыңа отты жарым,  
Қайнар да, калтырап да қара ділің.  
Қашанда жыр жарасы тез бітпеген,  
Оғына айналады кейде мірдін.

<sup>1</sup>. Зиттық – дүшпапансық

Мен саған бермей жүрген жоқ қарызыым,  
Ал сенің маған дайын тұр арызың.  
Үндемей қабар болсан тағы мені,  
«Сыйға – сый...» жасау менің зор парызыым.

Қаскейдің қалдығысың жұртындағы,  
Жатырсың жәтікке ұқсап жыртылғалы.  
«Бір тосқын, мың тасқанға» – деген осы,  
У мен май өзіңе азық ұртындағы.

– Сөз айттық сауыт бұзар оқтан бетер,  
Қайнатып тас балқытар оттан бетер.  
Халықтың қарғыс айттар сыңайы бар,  
Өмірлік жаза берген соттан бетер.

Мейірбан әлмисақтан қазақ халқы,  
Кешіру өз тентегін ата салты.  
«Тогайды жалғыз таниша ластамайды...»  
Орнынан алса жетеді осы талқы.

Қосылмақ болды колхоз «Пламяга»<sup>1</sup>  
Тұыстай тар кезенде орыс аға.  
Дегенді шаруалар мақұл көрді,  
Аудан да көмектесті бұл арага.

\* \* \*

Ар-ұятты таптаған,  
Голощекин баңтаған,  
Ұранын зарлап жаттаған,  
Сенімін мінсіз ақтаған,  
Есерден ел арылды.  
Семіздің етін қактаған,  
Сұғанақ қолын тартпаған,  
Аран аузын жаппаған,  
Тұнде де дамыл таппаған,

<sup>1</sup>. «Пламя» – көрші орыс колхозы

Кеселдің демі тарылды.  
Басшы болып Мерзоян,  
Келгенде қазақ қуанды.  
Деді оны Мырзажан,

Жылаған аштар уанды.  
Келтіріп тұрган зор зиян,  
Айықтырды тұманды.  
Көтеремдер қонданып,  
Шаруа аздап қорланып,  
Тұрмыстары ондалып,  
Жұрген бұрын соң қалып,  
Қамкорлыққа алынды.

\* \* \*

## 12

Аңдардай ормандағы бірен-қадақ,  
Жемдестер жүрді үш жыл жүдел-жадап.  
Ауруы қалса дағы әдет қалмай,  
Қапыда қасқыр тісті жүрді қадап.

Қайыrbай жұмыс алды ревизорлық,  
Бейне бақа, ешкіге зорлығы жок.  
Терісін хамелеон шақ кыш тігіп,  
Киіпті «қарғыс өтпес» талма тон ғып.

Репрессия кезінде жузі жайнап,  
Өлімге талай ердің басын байлас,  
Жүрсе де топ ішінде моп-момақан,  
Жасырын іс тындырды тісін кайран.

Шашуга қанды уын құлқындағы,  
Ойлаудан зәрлі миы бір тынбады.  
Күния НКВД тілшісі боп,  
Жалаға үйлесетін тың тындалы.

Болғанда адал адам халық жауы,  
Шағылды сорлылардың лажсыз тауы.  
Құрбан мен Базарбайлар ұсталғанда,  
Ішінен алды демін басы сауы.

Үздіксіз хат жазылған жалдаптарға,  
Қыргының қақпасындай зардалтарға.  
Батырак-Жалар менен әкемді де,  
Қосыпты күні сенген саңлақтарға.

Мындаған жүлдyz ақты,  
Зарықты адам.  
Көзі көр бол жарыққа тарықты адам.  
Көрсетіп көресінді сорлы шалға,  
Тергеусіз тіршіліктен торыктырган.

– Мойында деген – молда болғаныңды,  
Семіріп молдалықпен толғаныңды.  
Арапша шар тарапқа хат жазыпсың,  
Жазып көрсет сондағы жолдарыңды!

Мойында елдің қанын сорғаныңды.  
Суретте Айсаринді – Қорғаныңды!  
Біз оны тұтқындауға барған түні,  
Үйінде күрмөттеліп қонғаныңды...

– Бітірген қағазым жоқ дін мектебін,  
Ешкімді молда болып кенелтпедім.  
Жәдитше оқытушы болып едім,  
Шығып қалдым үлгермей міндеттерін.

Қазакта арабша еді оқу-сызу,  
Қалған жоқ сол жазуга көзді сүзу.  
Қайыrbай арабшага судай жорға,  
Сау болса игі,  
Жігіт қой жібі түзу.

Қайыrbай «жай» – деп мені айтқан шыгар,  
Болмады бірде оған тәзім шыдар.

«Қалғаны Бақы аулынан екі-ақ үйміз,  
Құрыды тамырынан», – деді Шынар.

Мен үшін колхоз деген тар қапастай,  
Жүрмейсің байсалды боп жанталаспай.  
Қашып кеткен бауырлар хақ әулие,  
Құтылды сәтіменен қара баспай.

Есіне түсті шонжар тұқымдары,  
Екі үйі – кеткендердің тұқылдары.  
Сөзіне бисаясат шыдай алмай,  
Деп қалдым: «Отырмысың құтырғалы!»

Дін кітабы – Құдайға табын деген.  
Өкімет үкіміне бағын деген.  
Көсемді құптамаған адамдардың,  
Санасты жәндіктен де шағын деген.

Ол өнін осы сөздің айналдырған,  
Сіздерді сиқыр сөзі ойландырған.  
Етіндер мені азат, әділ ерлер,  
Деп тауып мөлдір ойды лайландырған.

Бетпе-бет меніменен мойындассын,  
Дәлелмен жаулығымның бетін ашсын.  
Кім құзғын, кім қоңыр қаз екендігін,  
Айыруға қатыссын зертшіл басшын.

Ел жесем, өлер ме еді інім аштан?  
Бір інім Севкрайға көшे қашкан.  
Айсарин Әбдірахман туыс емес,  
Ол үйге кісі емеспін есік ашқан.

Қарт дәлелін деректі шындық демей,  
Қайыrbайдың қытыйын сұмдық демей,  
Қыңыр қарт ырқымызға көнбеді деп,  
Тұғызған жан төзгісіз керім үрей.

Қинаған қатал құлық молдасын деп,  
Жол бұзған жауыздықпен жоргасын деп,  
«Әйгілі Айсариннің жаулығын айт,  
Екеуін үлтшыл, байшыл болғансын» – деп.

Ақпандай сары аязда қалдырса да,  
Есінен қинауменен тандырса да,  
Алғашқы жауабынан танбапты әкем,  
Қабатын қасқыр итін алдырса да.

Қайыrbай бетпе-бетке келе алмаған,  
Экемді беті күйіп көре алмаған,  
Халыққа қара жұзді болғандықтан,  
Дерексіз жалған жауап бере алмаған.

Әкемнің талма дерті жиілеген,  
Онысын бас тергеуші жиі көрген.  
«Жау болып ауру адам не қылады...»  
Қозғалған іс сапасын менсінбеген.

Әкеме себел болып осы жағдай,  
Қап-қара тұнде жатып үш жарым ай.  
Қосылған аман-есен отбасына,  
Басына бақыт келіп қонған жандай.

\* \* \*

## ЭПИЛОГ

Бұрқаган боран, тұтеді тұнек қорғасын,  
Құғандай құйын, құйғытқан уақыт қыр басын.  
Желік сөз желпіп, ақ үкі селеу үлпасын,  
Қанғыды қаңбақ, жер дүниенің жотасын.  
Қиянат-қырсық бөбектің бүрді қолқасын,  
Аруана азды, жоғалтып туған ботасын.

Эмірші «көсем» жеке билеп тұрган-ды,  
Миллиондаған қазақты аштан қырган-ды.  
Нәубет-ау мынау, – деп елеп мойын бүрмады,  
Кеменгер-дана адамдар атылғанда да,  
Қырудан бір сәт, токмейілсіп тынбады.  
Адамды жалмап тұрмын-ау деп қынбады.

Тұыс пен достар, қатысып қадам баспады.  
Аға мен іні сырласып жағын ашпады.  
Бір күзгын келіп, «күдікті – десе әкеніз»,  
Баласы тұрып, «жау» деуден оны қашпады.  
Өз басын қорғап әкесін солай деген соң,  
«Жан сауга!» – демей, қорғасын қалай басқаны?

Тұрганда кеше балық шіріп басынан,  
«Қан құмар құзғын», кем болмады жасыннан.  
Жазықсыздарга азапты алуан қолданып,  
Тұтқын сорлыларды шексіз қинап басынған.  
Қайыспас қекслі, қайран Әбем-агакем!  
Тұтқында жатып, асылып не атылған.

Сексен үш боздақ оралмады шайқастан,  
Кешегі өткен зілзалалы айқастан.  
Аштық пен соғыс... тағы басқа апаттар,  
Шындық шежіре, әрқайсысы бір дастан.  
Қырғынды мұндай ешбір тарих білмейді,  
Әрқилы нәүбет насырға шауып ұласқан.

Үрпактан-ұрпақ сақтап-ақ кеп ед мұраны,  
Кіршіксіз сақтау мұраны болып мұраты.  
Тоқырау кезде атанаң алмас қылышы,  
Қынапта қалды тот басып мірдей қуралы.  
Шуакты күннің жайнаған, ренін өзгертіп,  
Көмескіледі бұлышыңғыр ауа мұнары.

Килы-қилы өтті талай актаңдақ,  
Ол кезді білу қыын-ды тарих актармак.

Алапес дерпті заман өтті шынында,  
Тоқырап қогам қалды кейін ақсандалап.  
Жұздері күймей қазакты жұзге бөлуін,  
Данқойлар қалай дұрыс деп бөсіп мақтанбак.

Бөліне қалып, шүлғысу бар-ау әлі де,  
Ескі дертке... сүрініп жүрген кәрі де.  
Алғашқы қауым дәстүрін сактап жүргендей,  
Рушылдық дерттің қазіргі шақта мәні не?  
«Тірліктің күші – бірлікте» деген бабалар,  
Ден қою ләзім, бірліктің ұлы, әрине.

Келеді өмір күн сайын өрбіп өзгеріп,  
Өшкенім жанып тұрғанын отыр көз көріп.  
Көрбілте болған жолдарым жайнай бастады,  
Өнеге болып, қапталы гүлмен безеніп.  
Жоғалған мұра оралды қайта сәулестпен,  
Отандас елдер дейтіндей бұдан безбелік.

Тілемес кімдер, сәтімен өнген өнімді,  
Әйткені өнім құлпыртпақ құт боп өнірді.  
Келелі кеңес откенде шешім алынып,  
Арайлы бағдар, өркенді жолмен өрілді.  
Орынды ойдың білгірлері үндесіп,  
Қозгайды алға, арнасы ұлы өмірді.

## Көзге түспеген бақ

Цирктің шығыс жағында ауданы 3-4 гектардай бақ бар. Ол Абай мен Сейбаев атындағы көшелерге ортақ гүлзар болар-ау деген үмітпен орынталған еді. Сәтбаев көшесі жағынан Цирк пен Эуезов атындағы Ахмет театрына тұра катынасу үшін жалпақ асфальт жолы тартылған. Жолдың екі қапталына арасы 10 метрлік етіп, ұзындығы үш метр шишигінде, арқалы орындықтар қойылған. Олардың жанына газалық төртін үшін дюораломиниден құйылған урналар да болған.

Асфальт жолды қапталдай жасыл желекті күміс қабық қайындар отырғызылған. Осы бір көрініс Цирк ауданының көркін көркейте түсесті. Бақтың шығыс жақ қабыргасын тоя ағаштары қапталдай өсіп тұр. Үрлі бақта алуан түрлі ағаштар сорты баршылық. Білсін деген кісінің айтуына Караганда, ағаштың жүзден астам түрі (сорты) өседі екен. Қылқанды ағаштың кейбір түрі бес бұрышы құрап өсіп тұр. Оскіндегі жұлдызға ұқсатып отырғызған адамдар, бес карагайдың ие бес тояның қоршауында саялап, адамдар дем алар деп тілек еткендей. Қектемнің көркіті кезінен бастап, ертелі-кеш серуендер, соғыс және енбек ардагерлерінің сұхбатасатын мекен-жайы болсын десе керек. Өкінішке орай, игілік ой жузеге аспады.

Жоғарыда айтылған көп орындықтарды, жүретін қызы бар жас жігіттер бақтың таса-таса жеріне көшіріп әкетті. Кейде 4-5 орындықты бір жерге топтастырып, «Бас қосу» мәрелері де өтіп жатты. Олардан босаған шыны ыдыстар, шөлмек теріп табыс табатындарга зор қуаныш-ты.

Бетімен кетушіліктің бір түрі – кешкі сағат бес, алтынан басталатын иттер саяхаты. Оған неше түрлі ит түкімы жиналатын болды. Өзінің де, итінің де өнерін топ алдында паш сту мақсатымен иттерді мұрындықсыз жіберіп, білгендерін істеп бақты.

Ол тәртіпсіздік аздай, арыстан мойынды, қабылан құйрықты, т.б. модаларға келтіріп қырқып, сылаң-сипал, дәреттендір еді. Сойтіп, біз сөз етіп отырған бақ, жұн-жүрка, қоқыстаңдардың кордасына айпаңды. Бақтың шалғыны жылда екі рет шабылғатын еді, биыл бір-ақ рет шабылды. Оның өзінде тольғаш шабылуға мүмкіндік болмады. Себебі шытырман торал, сүрлеулер, бітік шыққан шалғын басылып-ұйысып қалған. Сондықтан түгел таза шабуга мүмкіндік болмады.

«Қасиетті иттердің арсылы, ырсылы мен қырылы, шанқыладаған үрісі,

адамға шабатындај жүрісі, оларға айтылып жатқан бейпіл даңғаза, даурығулар, бағыттың концлагерлердің иттері мен итпаздарын еске түсіреді. Осындай ортаға сәбілерін ерткен карттар жақындај алар ма? Олар отырып дем алатын орын болмай қалды.

Баққа жиналған жастар бір нәрсені бұлдіруден басқа әрекеті жоқтай. Жоғарыда айтылған орындықтар, бәрі дерлік, апарған жерінде қиаратылыпты. Сом құйылған сирақтары бөлек-бөлек шашылып қалған. Катарластыра болаттап орнатқан планкелер орындығы мен арқалықтары, отқа жағатын тамызық тәрізді сақталған. Қыздарға қайрат-куатын көрсетіп, мақтану үшін өзінен өзге бозбала көтере алмайды деген қара таспен ұрып қиарататын болыпты. Жақсы жасалған урналардың ұшты-қүйлі жоқ болып кеткені де жұмбақ.

Бұл бақты кейде ешбір себепсіз су қаптайды да, батпакты тоганға айналады. Соның әрекетінен жерінің бедері де бүлінген. Сөйтіп, иғ мекен-жай болады деген бағымыз ешкімнің көзіне түспеген иесіз мүлік сияқты болып қалды.

Адам ракаттанып дем алатын қасиетті орынды иттер жайлаганы өкінішті-ақ!

Бақты игілікті бейнеге келтіру үшін қалалық совет неге қамқоршы кожа болмайды екен-ау? – деген саяз қөнілге еріксіз түседі. Бақты иттер серуендерінен гөрі адамның серуендеуі занды болар еді.

Қоғам мүлкін булдіргіш бейбастарға әй дейтін ажа, қой дейтін кожа болмаганы бізді қатты таңдандырады. Олардың жастық-мастық жасырынбақтары аядай бақта өтуі бізге жиренішті көрінеді. Ондайларды үлкен бау-баққа куу керек сияқты.

Бақ ішкіштер ұясы болмаса иғ еді деген де ойдамыз. Өйткені бүлінген орындыққа бүйірлей жатып, қорылдайтындар көріне бастады.

Қаланың осы бір кішкене бөлігіне үйір болған жастардың моралдық бейнесіне қалалық совет, комсомол комитеттері, заң органдары елеулі қөніл бөлсе екен. Депутаттардың қалалық советі бау-бақтың күзгі жұмыстарын табысты аяқтаттырып, 98-ші көктемді көркем бейнелі иғ істермен қарсы алғызар деген үміттеміз.

\* \* \*

## Ерлік (Әңгіме)

Тұнгі сағат екіде бебеу қакқан телефон сылдыры Еркінді шырт тұндан оятып жіберді. Еркін тез тұрып телефон трубкасына кірмасты.

Алло, алло! Тыңдал тұрган лейтенант Еркін Қасымов. Наматсызың ба, жолдас майор? Тыңдал тұрмын... иә, иә. Қап! Ай, ғанаат-ай! Нагыз банды, қанішер екен... деп начальнигінің сөзін үкіняттыңдал тұрган сыңай білдірді. Қан төгілген хабарды естігенде, абагы ғұйлап, коңырқай кейпі құбыльп, сазара түсті...

Міскін бишара, өлгендерін көргенде, есінен адаспаганы абырай юлған. Е... эрине. Жолдас майор, кешіріңіз!? Зауалшы-зұлымның ыртқы киімдерінің қандай екенин, денесінде қару бар-жоғын, айттар іа едіңіз? Ө, ә. Ол арасының белгісіз болғаны жарамаган екен... Үрине, қаруы бар деп жорамалдаған жөн. Жақсы. Айтқаныңызды олық ұқыттым. Боран бөгет жасап, жолда кідіріп қалмасам, ертеңі сағат -де ауданда боламын. Сау болыңыз! Тыңыштық тұн тілеймін!

Еркіннің көзі көпке дейін ілікпеді. Начальнигінің айтқан сөздерін йиша қайталады. «Міндет: үй иесін, уш бірдей жас баласын өлтіріп, үнді мұлікттерін тонал кеткен қанішерді тауып тұтқындау. Эйелі ашып құтылған. Уақыға кешкі сағат 9-20 кезінде қалада болған. Тірі аған әйел, ері мен балаларының түтел қырылғанын көргенде естен анбаганда қайтын! Оның есін жиғызып, уақығаны анықтағанша, үс-тұсқа күзет қойғанша, қылмыскер қаладан қашып үлгерген. Заңдының бағыты Қостанай болар деген жорамал бар. Зор денелі, ертеш мұрын, еріні айналыңың дүрдік, шегір көз, сары орыс. 35 жас іамасында. Сол жақ құлағының шеміршегі жырылып, қайта біткен ыртық. Ауыр қылмыстар жасап, бірнеше рет соттатған бұзық... Үрең хроммен тыстаған құлақшын, келте қара тои киген.

Еркін зұлымның бейнесін көзіне елестетіп жатыр. Кездесе қалса алай тұтқындау керек. Қарсыласса ше? Ол сүм менен құшті болса... ыпсыз екі айлалы шығар-ая... О қойшы,  
«Тауды биік демендер,  
Талаптансан, шығасын.  
Жауды мықты демендер,  
Ерлік етсең, жығасын» деген бар емес пе? Аю емес шығар...»

Қолға тірі түсіру керек» – деді начальник, жеке кездессе, сол арасы киындау болуы ықтимал. Еркіннің ойына «Егер жау берілмесе, оны құрыттар болар» деген М. Горькийдің де сөзі түсті...

Еркіннің «Аю емес шығар» деуінің де мәнісі бар еді. Ол армияда дene шынықтыру, спорт жұмыстарымен шұғылданып, шымыр денесін шынықтырып келген. Армияда жүргендеге боксерлік онер мен қазақша күрестен алдына жан салмаган. Ол республикалық самбо дайындығының байқауында озат өнер көрсітіп диплом алып келген. Сол жетістіктеріне сенген ол, екі аяқты бір басты адамнан жеңіле қойған деп ойлайтын.

Еркін армиядан келген жылы дene тәрбиесіне байланысты өнерін окушы жастарға тарату мақсатымен ои жылдық мектепте деңе тәрбиесінің мұғалімі болған. 1965 жылдан участок милиция қызметіне ауысқан. Бұл қызметке бірнеше себептер болған-ды.

Құрыштай шымыр денесі, ширак қозғалысы, жалпақ жауырынды сұлу тұлғасы, мойыл реңді отты көзі, бокс онеріне машық екенін де білген начальник милицияны қызықтыра берген. Кезіккен сайын «Органға ауыс» деп қынқылдай берді.

– Спорт мамандығын толық игеру мақсатымен окуга бармақшымын дегенде:

– Нағыз спорт орган қызметінің жүйесінен табылады. Окуга жіберіп, дайындығында жақсартып отырамыз. Еңбекақың мектептегіден артық болады, тұрмыс жағдайына да болысамыз, – деп қызықтырды... Начальниктің уәделі сөзін естіп алған Еркегүл:

– Жұрт қорыққанын сыйлайды, болсаң, бол. Магазиннен керегімізді кезексіз алып тұрамыз. Какой небойт пзкультура мұғалімі болуда қандай қадір-касиет бар? – деп дамылсыз ызындағы беретін болған. Оның бәрінен де аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының:

– Сіз коммунистіз, партия қайда жұмсаса, сонда бару керек дегені Еркіннің еркін ерекше тосқауылдаған.

Милиция начальнигі Қасымовқа берген уәдесін толық орындағы. Еркін аға сержанттықтан аз жыл ішінде лейтенант атағына дейін көтерілді. Мініп жүретін бір жүк машинасын бекітіп берді. Туғызылған жағдайға сай Еркін де қызметін мінсіз жүргізді. Оған қарасты халық Қасымовты құрмет тұтып, «Бұл жазалаушы емес, тәрбие беруші» дейтін болды. Қызметін адал атқарғаны үшін жыл

**Сиілінің жүлде алып, аудан басшыларының қадір-құрметтіне бөленді.**

Таңғы сағат 5-те оянган Еркін шашашаң киініп шығып машинасын тұташдырып келді де, бастығының пұсқауы бойынша қаралайым қызметкішінде киінуге кірісті. Сыртына сырмалы фуфайке, аяғына қалың ұлтанды қыскы бәтепкес, жолақсыз шалбар киіп үйден шыгуга ынцайланды.

Қош болып тұр, Еркешім!

Таң атпай неге дүрліктің? Тегінде тұнық көздің бірінше жолай соғып, «Қайырлы таң» демексін ғой, – деді Еркегүл еріне сенбейтін қызыншақ мінезіне бағып. Кескен дөнбектей аунап, іргеге қарал жүгті да қатты күрсінді. «Бейсауат жүрмейтін мұғалімдігінің өзі жақсы еді, милициялыққа ауыс деп қылқылдаған өзіме де осы керек» деді ішінен.

Еркін совхоз кеңсесінің тұсына келе бергенде, қалтиып тұрған біреу қол көтерді. Рая дейтін қыз екен.

Қайда баrasыз?

Луданга.

Мені ала кетіңіші, Еркін Қасымович! Бұгін мамама операция жасаушы еді. Ерте жүретін жолаушы кезіге ме деп сағат 4-тен бері жол тосып тұрмын.

Ноябрь айының таңғы суығына душар болған қыз үнін дірілдетіп шыгарды.

Мініңіз. Жел оңтүстік-батыстан шығып үдей соғып тұр. Самсарал жүлдіз жана ғана жымың қағып тұр елі, енді олардың бірі де корінбейді. Аспан әлемін бұлт бүркегенін пайдаланғандай түш түнеріп тұр. Жолаушылар селодан шығатын грейдер жолмен зырги жонелді. Ол екпін үзакқа бармады. Ауданға апарытын асфальт жолын қыып алғанша талай жерге бөгеліп, Еркін қар қазумен қажыды. Бүркүрата соқкан сұрапыл ақ тұтек қарыс жерді көрсетпеуге айналды. Арсылдаған алапатпен алысып жүріп, асфальтқа сағат 7-де арен жетті Еркіндер.

– Еркін Қасымович, шоферлік правоны алдыңыз ба, әлде былтыр окуға барғанда алдыңыз ба?

– Мұғалім қезімде алғамын. Ал өткен жылды скіншіл класс шоферы деген право алдыым.

Кызбен қызыл әңгімеге кіріскең Еркін аудан орталығына жақындаған қалғанын сезбепті. Сол жайтты тіліге тиек етіп:

– Сіздің серік болғаныңыз тамаша болды. Қыз жарықтықтың қасиетіне не жетсін, машина да жақсы қарыштап келеді. Алға қараңызышы, жалпақ сұр лентаны комагайлана жұтып келе жатқан сияқты.

– Қызды мақтай білетін жігіт те жаман емес шығар? – деп күлді Рая.

Еркін машинасын кілт тоқтатты. Себебі алып денелі біреу, шофер жағынан қол көтеріп, тоқтауга ишарат еткен еken. «Ала кетіңізші» деп өтінді ол. Бейтаныс жаяудың басынан аяғына дейін лезде шолып откен Еркін, «Ізdemek болған сұм аяқ астынан кезікпесе не қылсын» деді, ішінен. Солай күдіктенген ол бейтаныспен кабина есігін ашпай сөйлесті.

– Мініңіз.

– Кузовага ма?

– Жоқ, кабинаға. Кузовада тоңыш қаласыз.

Жұзіп Раяға бұрып, ақырын үнмен:

– Ана кісі ортага отырын, – деп бұйырды. Сырғи жөнелді. Бензиннің мөлшері мен судың температурасын көруді сылтауратып кабина ішін жарық қылды да, айна арқылы жолаушының кейпіне кезікті. «Айна-қатесі жоқ өзі, құлағының тыртығына дейін... дәл өзі...»

Қысыла отыргандықтан, Еркіннің тапаншасын сезді ме, әлде шоферга ұқсатпады ма, жолаушының сұры каша бастады.

– Жол болсын.

– Қостанай жаққа.

– Қайдан келесіз, қай жерденсіз?

Бейтаныс естімегенсіп:

– Ө, ә не дейісіз? – деп құбірлегендей болды. Сөзді ауа райына қарай бұра отырып, Раяның сыртынан қолын сұғып жіберіп, кабина есігін ашты. Шапшан қымылдағаны сонша, Раяны кубетке қолғапша лақтырды. Өзі де іле секірді. Еркін қапелімде «Есік ашылып кетіп, қыз қапыда құлап түсті, анау сол үшін секірген шығар» деп ойлап қалды. Машинаны кілт тоқтатты. Кубеттегі қыз қыбырсыз жатыр. Орыс орманға қарай зытып барады.

– Тоқта, а, а! Тоқта деген соң, тоқта! «Тоқтаны» тыңдар қашқын жоқ, борсықша борсандаш қашып барады. Кейде қардың қалың жеріне килігіп, малтығып қалады. Еркін оны аттатар емес, екі есе

жұлдамдықпен жүгіргендей, қашқынға қарағанда қашқын  
құнышыдан құтылмасын сезді де, қарсы қараң, қапысыз атылатын  
қабыланша тұрып алды.

Жүр, кейін. Неге қашасың?!

Кет әрмен! Мені қуатындей... не әкеңнің құны бар...

Лаң қыздың тағдырын көзіңмен көр. Оның өліміне күэ  
боласың!

Қызың өлсе, көрге көміледі, онда менің қанша жұмысым бар,  
байланыса берсөң, сен де олесің, кет әрмен, калбит!

Кисыктық не керек, жүр былай, – деп женінен тарта бергенде,  
қишикпен соғып жіберді. Жаудың жұдырығы Еркіннің жагынан  
тоқпакпен ұрғандай әсер етті. Көзі қарауытып, құлағы шынылдала,  
қарсылық жасарлық күш-қуат кенеттен құрып кеткендей болды.  
Жау екінші рет көл сілтегенде, жалт етіп бұғып жұдырықты  
дирытпаады. Тиіп-қашып, алдарқатып, алаңдатып жүріп, өзіне-өзі  
келіп алды да, қашқынмен айқаса түсті. Қайыңның безіндегі қатты,  
сінірлі жұдырығы тастай түйілген күйі қанішер қашқынның  
шықшытына сарт ете түсті. Дүшпан мұрттай ұшты. Іле тұрып қайта  
жірмасып еді, Еркін арқалап алып жерге ұрды. Бұның айла-әдіс,  
шашаңдығы болмаса, апаның әлдекайда әлді екендігі байқалды.  
Бұқандай саусақтарымен мытығанда, Еркіннің бір жерін үзіп  
жіберерліктеј еді. Басың-көзің демей, қос жұдырықты  
косарландырып жылдамдата соғып жатқан Еркінді бір сәтте  
шуларып әкетті. Бір қолымен алқымдал, күреден мытып, екінші  
қолымен жау да сокқылады. «Мен сенің көзінді жоямын!..» дейді  
тістене тыржиып. Қеудесін тіземен жаныштап, езгілеп тастайын  
деген ой туды оған. «Өлтіріп машинасын мініп кету керек». Қан-  
ішердің адамды жарапамай шапшаш өлтіруінің бір әдісі, әлі  
жетстін адамды етпетінен салып, жауырын тұсынан жанышып  
тұрып, иегінен қайырып тартып қалып ауыз омыртқасын шыгарып  
жіберу болған. Ол кеше 15, 17 жастағы екі баланы солай өлтірген.  
Сол зұлымдығын Еркінге де істейін деп, қеудесін басқан күйі  
боксесін көтере бергенде, Еркін қалың ұлтанды бәтенкенің  
тұмсығымен талмау жерінен теүіп-теүіп жіберді. Тегеурінді тебіске  
үшінраган жау ішіне жарылғыш оқ тиіп, ішек-қарыны аяғының  
басына тұскендей бүкшип, мықшиып қорс етіп құлаш түсті...

Жаңағыңның қарымтасы мәһ! Менің сен доңызға кегім жетпейді

мәһ! – деп аяқпен де, жұдырықпен де жосылтты. – Қалай да жеңемін. Женілесің, жауыз! Бағынасың. Бағындырамың! Тұрбылай! – деп жекілі. Жау демін қатты алып, теріс қарап, сілейіп тұрып қалды. «Бағынайын деген шығар» деген оймен:

– Машинаға қарай жүр, оңбаган! Жөнге көнбесен, тік атып кетемін!

– Мә, саған атқан! Алюминий қынаптағы екі жұзді пышақты қойнынан суырып алып қарсы ұмтылды. Жаудың екі қолынан көз жазбай, карға ұрып қажытып, айла-әдіс қолданған Еркін қапыда қаруына кол апартқызып алды. Қолын мылтығына апарса, кешігетін еді ол. Қанжарды енді сала бергенде, білек бұлшық етін кесе, қолдың қырымен ұрып жіберіп, самбо әдісін қолданды. Қанжар ұшып түсті. Ендігі арпалыс кішкене қанжар ұшін болды. «Қаруы қолына түссе құртады» – деп қауптенді Еркін. Қан ішердің мақсаты «қолыма қаруым түссе, қорқытар едім. Әйттеір де өлім, соттайды да атады». Секундтен аз уақытта іштей айтып үлгерген қара жүрек қанжарға қолын бұрын созды. Өкшелей келген Еркін бар пәрменімен кек желкеден соққанда жау омақаса құлады. Бас көтертпестен қарға түншықтыра басты. Ол ышқына тулап көтеріп түрегелді. Төбелес-соғыс бұрынғыдан да күшейді. Еркін бір сәтте жауының иек астынан басымен соғып есептіретіп тастанды. Ол осы жағдайды пайдаланып, қашқынды қанжар түскен жерден едәуір алыстатты. Есін жиган жау қайта жармасты. Ұстаған жерден тістей қатып, еңсеріп барады. Еркін қазақша күрес әдісін қолданып, жамбасқа алып сілтеп еді, түспеді. Іштен шалып ыргытқанда «Итжығыс» түсті. Жау қайырып әкетіп астына салды. Еркіннің екі қолын керіп тастан, тістелеу әрекетіне көшпекші болды. Еркін оған ырық берген жоқ, Тұмсыққа баспен соғып, бұлқына тулап тұрып кетті, әрі күре тамыр тұсынан қатты соғудың сәті түсті. Осы кездे кеудесі күйіп, әлін құрып демін әрен алды ол. Өзі де бір қатты соққы көрсе, талып түсетіндей, күші әбден сарқылған еді. Жау талып жатыр. Демін әрен алады.

Осы кезде есін жиган Рая орнынан әрен тұрып машина жаңына барғанда Еркін:

– Орындықтың астында жіп бар, соны жеткізе аласың-ба? – деп айғайлады. Он жақ иығын нұсқап, «оны істеуге хакым жоқ» дегендей бас шайқады. Бұл айғайды естіген жауыз орнынан тұрып қайта ұмтылуға айналғанда, Еркін тапаншасын кезең:

– Көтегер қолынды! Эйтпесе атыласың! – деп ақырды.  
Енди қарсыласудан ешқандай мағына шықпайтынын сезген қан-  
шер совет милициясының алдына тізе бүгүге мәжбүр болды. Осы  
тотте Қызылжарға жол тартқан бірнеше машина да келіп қалган-  
дым...

\* \* \*

## Ауылдағы айқас

Бексаут бір атадан жалғыз болғанымен, үйленген, үш ұлы, үшткап торт қызы бар. Жиендерін қоспағанда 9 бірдей немерелері маңға жарлы болса да жанға бай, үбірлі-шұбірлі бақытты адамның бірі болатын. Жасы сексенге келсе де, шаруадан қалған жоқ-ты. Оң қолынан өнер тамған – ағаштан да, темірден де түйін түйетін атақты шебер еді. Ол кәрілікке де көндікпей:

Кәрілік алса, тісімді алады, ісімді алар деймісің, – дейтін хал-жайын сұрагандарға.

Күнкөріске керекті игілік бүйімдарды осы жасына келгенде де колдан жасап отыратын. Жас шағында 7-8 балага бармағынан бал емізіп, ешкімнен кем қылмай өсірді. Кошпелі оміріне ебетейлі етіп жасаган мұліктерінің сыры қөшіңкірегені болмаса, сынынгерменіне бұл өнірде кім күә емес?! Оның немерелеріне қалдырыған құнды мұраларын көргендер бір таңырқамай коймайтын.

«Кей мұліктерін мен тумай істеген нәрсе екен» деген елу жастағы органды немересі Сейіттің сөзіне күдік тұтызғандайсың, бірақ берік істелген сүйкімді жұдырықтың күсі болған нәрселер өзін-өзі штаганымен, көпке ортақ болғанымен, туған күдікті жоққа шығараады. Бекеңнің есімін өлтірмей келе жатқан істері ауыл ағайын, құдандалы, дос-жарандарында сактаулы. Атақты Аидамас, Қылдырма қажылардың мешіттерін, Бейсеннің мolasын жасаган да

Бексаут. Сол қарт он жеті адамның ұйтқысы болып, Өтеміс шуылының терістік жақ шетіндегі шұбал пешпен болген балшық үйде 1915 жылдан 1924 жылға дейін тұрды. Мекені – Преснов ауданы Украина совхозының қарамағындағы: «Құлат», «Құртты», «Жалғыз ағаш» дейтіп шілік пен тал аралас өскен томарлар еді. Үй орманы

ұқыпты болғандықтан, тосын көрген бейтанаистар, осы ауылдың байы осы үй шыгар деп, төңкөріле түсे қалушы еді, сол себепті бұған қонақ байдын үйінен кем келмейтін. Білестіндер Бекенің ісін көруге, не тарантас, кошова істетуге сөйлесе келуі еді. Малының көптігі болмаса, мәдениетсіз байдың үйін: «Сасық ырыс» дейтін Бекен. – Келіспеген байлықтан, келіскең кедейлігім артық, – деп өз өмірін мақтан ететін еді.

Сыным мен сырымды алма,  
Өзімнен бұрын ұлымды алма,  
Малымды алсаң да арымды алма,  
Ел бақыты – дарынды алма?!

Ұрпағыма шаттық бер,  
Такыт берме, бақыт бер.  
Күндей көркем, таудай зор бер,  
Өнерді бұрын, өлімді соң бер.

Жауыздыққа тұсау, әділдікке жол бер! – «Құдай» деп тілек тілейтін. Азамат соғысы жылдарында: – Балалар, батыр болындар, іске татыр болындар! Жасқаншақ жылдам өледі, тәуекел тауды да боледі, – деп жастарға батырлық, ерлікті дәрілтей отыратын.

\* \* \*

1921 жылдың 3 марта жайлы қундердің жайлышы еді. Тымық түнде қапалактан қар жауды да, таң ата ашылды. Табиғат маужырап қалғып тұрғанда, шапак жарып, күлімдеп күн де шықты. Күн сәулесі жер бетін сүйе бастағанда-ақ ақ мамықтай кіршіксіз даланың түрлі түсті меруерттері жарқ-жүрк етіп көз жанарын кытықтайды.

Сол мезетте дәреткө шықкан Бекен қолын козіне алып, жан-жақты барлагандай болды. Аспан әлемі бұлтсыз. Тек оның көгілдір айдынында күн гана жүзіп бара жатқандай.

– Шіркін, біздің жердің жазығы-ай! Мынау – «Жаңа бауыр», анау – «Абыл», одан әрі – «Майкот», оның ар жағындағы «Борлықел» ағашының мұнартуын қарашы! – дейді терістіккө қарап.

– Мынау – «Қостан келді», одан аргы – «Телпек» – дейді шығысты мензеп. «Анау – батыстан «Өтидауыш». Айнала жиырма шақырымнан көрініп тұр. Устелдің үстіндегі дер едім, эттең мынау дөң», – деп ауылдың қүнгейіндегі батыстан шығысқа созылған

Шырлық көзбен қуалап өтті. Дөңнің күнгейіндегі «Желқызыл» шулышан басқа табиғаттың бәрі карттың көз жанарына сыйып тұрғандай. Тікті, бытырқай шак ағындардан қалың талдарға жоңкіліп бара жаткан қояндар да көрінеді. «Неткен көп айуандар, душыл үрген қаңбактай бірінен-бірі озып, оргып зымырауын қирашы» дейді ішінен.

«Табиғаттан емес, әдісті енбектен алғын сыйлық кезеңі туған өкен» деген оймен жүзіне қуаныш рең беріп, жайдары жүзбен үйге кіруй.

Ботақандар, тұрып, қамбаларыңа барындар. Бүтін енбектерің жиілганаға үқсайды, – деді мейірлі дауыспен, өздіктерінен оянып жаткан 13-15 жастардағы Нұртас пен Сейітке.

Ішалар соғыс дабыльна көтерілген жауынгерден кем қимылдамай, төз киінді. Олардың асығуына жалаңдаган аштық ажалы себеп. 1919 жылды Россияның Европалық бөлігін де аштық болса, 1920-21 жылдары бұл жақ аштықта. Бай, кулактар үкіметке азық-түлік бермеу сұлтауымен, астықпен мұлде сауда жасамай қойған еді. Кедей шаруалардың бақытына қарай сол жылы қоян көп болып, ел қамбамен қоян ұстап қүнелтті. Тігерге тұяқ қалмаған талай шаруа, қыстың екінші жартысынан бері қоян етімен қоректенуде.

Нұртас пен Сейіттің қамбалары онга тарта бар еді. Міне «қанды басын бері тарт» дейді олар ішінен, қоянның көп түсін тілеп. Атасының істеген шанасы көп болғанда бір пүт бидай. Эйелдер істейтін кәсіп жоқ. Топты жанның ортасында төмен тартар дегенінен жалғыз көк сиыр ғана бар. Оны тістің жұтына ұстауга бола ма? Қарманған тал – атасының өнері, қамбамен ұстайтын қоян ғана. Сондықтан да балалар тәтті үйкіны қоян аулаудың жолына құрбан етіп жүр. Тұрмыс талқысы түшіркентіп үйіктатпай, көздерін шайдай аштыратын.

Карға тығыщ кеткен қояндарын екінші рет барып әкелгендеріне сләуір болған екі бала, қамба қызығын бітіріп, атасына басқа кенес айтып отыр. Гүс әлесін күн көзімен шамалайтын Бекен:

– Тамактарыңды берсендерші, ботақандардың сабакқа баратын мезгілі болды, – деп терезеден түскен күн сәүлесінің алтын шоғына бір қарап қойып, Сейіттің сөзіне қайта көніл аударды. Бұл кезде:

– Даир, түсіріп жатырмын, – деген ауыз үйден Зағыпранның дауысы естілді. Мойындары қылқыып, жак түктөрі үрпігеп күңдзын

аш отырған бобектердің сілекей бездері шырын бөліп, бір-бір жұтынып алуға себеп, оларды қоздырып жіберуге құдірет – Загыпранның «ас дајар» деген соңғы сөзі болды. Нұртас, Сейіт және Рабиға оку жабдықтарын әзірлей бастады. Өткен жылы уездің «Федоровка» оку бөлімінің иұсқауышы – Ізтөлин Баймағамбет осы ауылда мектеп ашқан болатын. Ол мұғалімдікке Жөнердің Есқағын тағайындалап, балаларды Смағұлдың отауында – жер үйде оқытуды қосқан-ды. Баймағамбет өз қолынан ашқан мектептің жайын білу, Колчак бандыларымен күрес жүргізу үшін ел аралап жүр еді. Сол себепті ол бүгін осы ауылға келген.

– Не дедін Сейітжан, сенің айтып отырған Ленің қәдуілгі большевиктердің - Кавальевтің, Угардың, Аманкелді, Әліби батырлардың, өзіміздің Баймағамбеттердің бастығы ма, әлде басқа біреу ме?

– Я, – деді Сейіт атасына жымиып, Бекең осы сұрауына байланысты өткендеңі тарихи уақыгаларды қоз алдынан откізіп, аз кідіріп үндемей отырды. «Олар – 1916 жылы Торсан бөгет жасамағанда, Аманкелді қолына бұл онірдің жігіттері де, біздің балалар да қосылып кететін еді-ау! Махмет екеуіміз «Қайранколдің» жағасына дүкен құрып: найза, қылыш, айбалта... соғып, жігіттерді қарумен жабдықтап едік. Соған өшіккен болыс үш бірдей баламды тізімге іліктірді. Ақыры үшеуі де кіре тартуда болды. Осы Баймағамбетті де 18 жасында тізімге алды, оның жазығы – олеці, көпке басшы болғандық. Әсіресе, сонына түскен – пысымдақ Омар еді-ау... ә! «Алла жаққан шырақты ақмак үріп сөндіре алмас, егер сөндірем десе, сақалы күйіп халыққа қара жүзді болады» – дегендей, Баймағамбет азық-түлік дайындауда Омарды өндап пысылдатқан жоқ па! Әлі пысылдайтын күні ілгері, налеттің! – деді ішінен. «Пысылдайтын күні ілгері» деген сөзді Баймағамбет өткен жылы Бекең үйіне қонып отырып айтқап-ды. Ол сөздің арасында:

Шошқадай іркілдеген талай Омар,  
Дем ала алмай тұншығар, әлек болар.

· Үрсылдайтын, пысылдайтын күні ілгері.

Олер, Әлі-ақ ырсыып жүзі солар, – деп, лып етіп айта қойғанда, Бекең карқ-карқ құлген-ді. Онымен бірге большевиктердің негізгі мақсатын түсіндіргені де есіне түсті.

Сонда Лен не деді? – деп сұрады Бекен.

Атсызың тіл мүкістігіне құлқісі келген Сейіт:

Ол кісінің Лен демейді, олай деу үят, Ленин деу керек. Ленин, – деп, бала ұлы есімді буынға бөліп қайта-қайта нақыштап ткана, тілі шыққан іні-қарындастары түгел косылды. Абіреулеріне бұл есім ана тілінің тұнғышы еді. Кеменгер көсемнің үкісі, ошпес есімі Бекен үйінде үрпақтармен бірінші рет әсер болып атылды. Қарттың көмейі де «Ленін, Ленін» деп бұлк-бұлк ете болды. Өлі де тап баспағанына ынғайсызданған ол: «Кәрі кісінің тілі тіл ме? Келмей жатыр жарықтықа. Нистім Құдайға мағлұм болсын, ботаканым», – деп мейірімді ата Сейітті балуан қолымен арқага қағып, басынан сипап қойды да:

Баймагамбет не жұмыспен жұр екен? – деп сұрады.

Грамчекадан – деді Нұртас. Грамчекадан деген сөзге тұсінбеген Бекен: – Жарайды, қайдан болса да жанына жамандық бермесін жис кыршынның. Ел бақтына туып, сол үшін жүрген шығар. Атасы – Байтөледен де, майталман жыршы – Шаграйдан да оте туган шежіре болайын деп тұр, – деп, карт Баймагамбетті сүйсіне мақтап, екінші жағынан оның сау болуына тілек білдірді.

Керемет ақын екен, ата. Кеше бар гой, мұғалімге өлеңмен шамандасты. Мектептің іші жаман, тақтаң қара қаңылтыр, партаның орынына қазықтың үстінде тақтай қағып қойыпсың – деп тақпактап ала жөнелгенде мұғалім ұялып қалды, – деді Рабига.

– Амандасар... Амандасар... Өлең деген оның көмейінен атқылап тұрғандай көрінген.

Баймагамбет Есқаққа халық арасына үтіп жүргізу, оны көбінесе оқушылар арқылы тарату әдістерін үйреткен еді. Содан кейін оқушыларға Колчактың қашып жүрген офицерлері, мен генералдары ел арасында бар екенін, балалардың өз тілімен түсінікті етіп айтып берген-ді. Сейіттің атасына әңгімелеп отырғаны сол түсінікті мазмұны да.

– Сонымен Баймагамбет не тапсырыс берді?

– Ондай адамдар келсе, үйлерін су татырмасын, бандылар барлық сібекшілерге жау, олар жыртқыштардан да жыркыш, қашып жүрген қырғын таптыруға бар. Ел тонау олардың ежелгі кәсібі. Оларға ешбір ракымшылық болмасын, – деді.

– Талай жерде большевиктерді азаптап өлтірілті, бір жерде карт

адамдарды, бір жерде балаларды атыпты. Тұнде үйлерді тонапты дейді, – деп кезек күтіп отырған Нұртас қосарланып қойды.

– Токтай тұршы, саған деген сөз жоқ, – деп, Сейіт шытыр ете түсті. – Олай деме, ботақан, бұл сенің ағаң емес пе!?. Е, дегенде Нұржан (Нұртас) сөйлеуі керек еді, әлі де кеш емес, ендігі кезек мұныкі. Сен бұл дұрыс айттар ма еken, бақыла.

– Ол айта алмайды.

– Сен жетістіріп айтып отырсын, томармен жүріп келе жатқандай шоқалақтап. Баймагамбеттің мың сөзінің бірін де айтқан жоқсын.

– Уа, дсген оның Ленинше сөйлеген жерін айта аларсың, – деп кекетті Сейіт.

– Ондай жерін мұғалім де айта алар ма еken.

Баймагамбет Есқаққа «Өздерінді тар өрісті мұғалімдік қызметтің шенберімен тежеуге болмайды. Мұғалімдер еңбекшілер құресіп жатқан күллі бұқарамен қосылып кетуге тиіс» деген В.И.Лениннің сезінен цитата келтіргенде, Есқақтың бұл не деген сөз деп сұрағаны бар.

– Айта алмасаң, «Кел, балалар, оқылықты» жатта деді Нұртас, Сейіттің қыйпалактап қалғанын байқап.

– Мен оны мана жаттап алғам, сен есебінді шыгар, – деді Сейіт Нұртастың әлсіз жерін бетіне басты, тетелес өскен шайыргалдығымен. Нұртастың «Кел, балалар, оқылықты» жатта деу себебі – кешеден бергі жаңалық. Есқақ ауыл ақсақалдарының ұсынысы бойынша, балаларға сабак артынан «Қайрауат» айтқызыатын. Баймагамбет «Қайрауатты» қайтыш келмеске жібергіті де, оның орнына Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылығын» енгізді. Балалар оны хормен айтуға шатана қарсы алған-ды.

Сейіт пен Нұртас қызыарысып, дауыстарын көтере сөйлей қалған кезде – Аткемнің ермегі бар болсын! Балаларды дауластырады да қояды, – деп, ауыз үйден қоянын бір шелек қара көжесін көтеріп, орта бойлы, сом денелі, кара торы, қыр мұрын, бадрақ көз 35 жастар шамалы Загыпран күлімсірей үйге кірді. Тамаққа қомағай, Сейіт көнілін көжеге бөлді де: «Нұртас-ак айтсын» деген оймен, тамақ белуге ыңғайланған аласына жақындады.

– Айта бер, ботақан, – деді Бекең бетін Нұртасқа бұрып.

– Ленин: халық арманын орындаимыз, қой үстіне торғай

**Жұмырғалайтында заман орнатамыз, аштықты да, жауды жеңіп шының амьзы, кімде-кім большевиктердің ісіне көмектессе, оның қолы тиішкек бұрын жетеді депті – деп Нұртас бөгеле бергенде:**

- Байлар актарға, бандыларға болысады деген жерін тастап берисың, – деді соз жемісін аңдып отырған Сейіт.
- Қыстырылма, айтайын деп келемін – жаудың жаулығын белгіндер, халыққа мысалдар келтіре түсіндірсін, – деді.
- Иә, Құрманғали бұрнағы жылы актарға Тұлқібайдың тұнырлығын тілгілетіп, тоқым еткізді. Қанапияның жүйрік қарасы мен Жүсіптің жирен жоргасын тартып алғызды. Мысал дегені солар той, деді кария терен күрсініп.
- Ага, – деді Сейіт көжені қоянның белдемесі мен екі жілігін салған ақты атасына ұсына беріп: «Ақтар біреудің келнін басынышты, арын тогінгі, – дейді, – Ол не деген сөз» – деп сұрағанда Сейітке тіктене жараган Зағыпран:
- Сөзді токтататын мезгіл жетті, – деді.

Тәжеу тәрбиесі себеп болды ма, әлде жауап бергісі келмеді ме үзіншін жауабын жоқ етіп, селдір сақалын бір сипады да, Бекен тамактануға кірісті. Тамак үстінде үндемсү, ыдыс дауысын шыгармау, ыңғыс жаламау, сарқыт қалдырмау сиякты әдептер, бұл семьяның қылышты әдеті болатын. Загыпранның жаңағы ұсқыны сол әдептердің орындалу талабы да. Оның тіктене бір қарауы, я бір ауыз өнім балалардың өздерін тәртіпті ұстауына жеткілікті болатын еді. Олар қорқып емес, ананы сыйлап тыылатын-ды.

**Сол бір тыныштықты батыс жақтан дүркін-дүркін атылған мылтық даусы бұзды.**

Тагы не сүмдық! Біраздан бері тыныш едік, – деді үрсейлісінің кірген Балқия. Оның себебі кіші баласы Жанахмет Баймагамбетпен келген екі большевикті «Жаркөлге» алғы жүрген-ди. Сол күні тұнде офицерлердің бастауымен жергілікті бай-кулактар қөтеріліс жасады. Айқаста екі жақтан да адам шығыны болған еді. Чека отряды бандылардың қанқұйлы қарсылықтарын түлкаптай отырып, Жаркөлден күнип шықты. Жұмыстары сәтсіз болған олар, тоз-тоз болып, бытырай қашты. Бандының бір тобы Қызылжар бағытына қарай қашып, жолшыбай жаулық әрекеттерін жисауга бел байлады. Ондағы ойлары Қызылжарды алуға үйимдастырылған шабуылға қатысу еді.

Чека отряды оларды өкішелей қуыш, «Өтейдауышка» әкелді. Жаңағы мылтық даусы, сол жердегі ұрыс дүмпүі еді.

Қызыл Армияның 35-дивизиясы келгенше Ковалевтің отряды Колчак белімдерімен бұл бағытта талай шайқасқаны бүкіл Россияға мәлім. Алма-кезек женістер кезінде, әсіресе, актар келгенде жергілікті халық аман қалуға әрекет ететін еді. Ауылда еңбектеген бала мен еңкейген көрі ғана қалып, жастар (қыз-келіншектер) жасырынатын. Олардың айуандық әрекеттерінен жиренген халық, шамасы келгенше қарсылық білдіруде болды.

Істің жайы немен тынар екен деген оймен келіндеріне қарап:

— Шырактарым, шөптің қуысына барып жасырына тұрындар «Жаман айтпай жақсы жоқ», қашқын жау қырғын таптырудан тайынбайды, — деген Баймагамбеттің ақылы қөңілге қонымды ақыл. Тағы бір тансыратыным — деді ол, келіндеріне кезек қарап, — шөптің қуысында хабарсыз жатып алмандар, жайсыз жұмыс бола ма, кім біледі. Екі найза қаранғы қораның майдайшасында ілулі тұр. Екіталай болса пайдалан, не мениң қолыма жеткіз, — деді Загыпранға қарап, қорықпандар, — деді де ағаш кроватына барып отырды. Аяқ жағынан балтасын алып, жүзін бармағымен басып-басып көрді де, майда қайрақпен біраз сүйкеп, орнына қойды. Ійдис жиын жүрген келіндеріне қарап:

— Барындар, қалғанын кемпір де жинайды, — деді бұйрығын қайталап. Нұртас иен Сейіт атасының байырғы кейпінің өзгеріп, жүзі сұстана қалғанына таңырқағандай, мөлдірей қарагыштап, атасының екі жағына келіп отырды. Басқа балалар қарақұстан ығысқан балапандарша, экесінің төңірегіне ұйлықты.

Келіндер үйдің терістік жағына жалғастыра салған шым кораның батыс жақ аузына жастай үйілген пішеннің қуысына барып отырды.

— Атекем жоқты айтады, қатынның қолынан не келеді? — дейді екен, өзінің актар десе қаны қайнап кететіні бар, — деп дурдік ерін, жыпылық көз, аласа бойлы, арық кара Галия сумандап сөйлей бастады.

— Бетін аулақ қылсый деңіз, біздің үй елдің шеті, желдің өтінде дегендей-ақ салынған екен, — деді жана түскен қызыл шырайлы, сүйкімді жүзді Сәбира. Бұл кезде Загыпран орнынан үнсіз тұрып кетуге ыңғайланды.

- Кійда барасың, апа?
  - Кім келіп, кім кеткенін байқап тұрамын.
  - Янырай, балалардың жүргегі ұшып кетпесе иғі еді, – деді
  - Ерні көтерілсе сөйлейтін қайнақай Галия.
  - Оз жүргегіне мықты бол, олардың жүргегі сенікінен ұшқыр емес.
  - Емес үрейленіп отырғанын... тек тыныштық болсын де. Егер
  - әсулі жазым таптырса... катын болып тірі қалғаныңа тақсыр! –
  - Ал ібысындарының дәрменсіздігіне ыза болған ол.
  - Дауыстамай отырындар, – деді де Загыпран қора ішіндегі үйдің
  - үшіншінан сығалап тұра қалды.
- Оркіт толтырган меске ұқсаган Құрманғали кіре бергенде:
- Мына жауыз не бітімшілікке жүр, – деді ішінен, денесі шымыр
  - қендей болып. Атасының ол туралы әлгінде ғана берген
  - иңчелемесі есіне түскен Загыпран.
- Құрманғалидың үйге кіруін күткендей, актың екі офицері жүгіре
- сыны корага кірді де, тіміскілей қаранып аз кідірді де, олар да үйге енді.
- Сұғанақ иттей сумандаган қан ішерлер қашып жүр ме? Әлде
- мігі сүм әкелді ме? – Азаматтар да үйде болмады-ау. Үйге кіріп
- бөрсам қайтеді. Не істей керек? – деді алуан түрлі оймен алысып,
- тықырышыган Загыпран. – Найзамен түресемші?! Қой олар екеу,
- әрі мылтықты. Өздері соқтықтай менің нем бар, аңысын андиын,
- ібысындарға хабар берейін, – деген корытындыға келді ол.

\* \* \*

Құрманғали кулак Бексауиттың қолын алғанша офицерлер де кіріп

үлгірді. Бекен оның сәлемін алудын орнына:

Мынау ертіп жүргендерің кімдер? – деп, Құрманғалиға сұстана

қираганда, көзі өңменінен өткендей болған ол сасқалақтап:

Қайдам мен келгенде үрерге ит те жокта – бұларды көрмегеніме

былай етsem иланар, – деген оймен офицерге:

Здравствуйте! – деді.

Олар мұнымен амандаспастан: – Көшедегі атпен бізді алып жүр!

- деді иіліп тәжім етіп тұрған Құрманғалиды ортаға алып.

Үй иесі ана шал. Мен ілгері бара жатқан жолаушымын. Эйтпесе

комектесуге болар еді, – деп, қойын қалтасынан бір қағазды көрсетті

де, жымиып, күліп қайта салды.

Қағаз -- киргиздер (қазақтар) арасында кім большевик, кім оларға тілектес екенін біletін адам – деген атаман Анненковтың берген күзілігі еді.

Өзіне 1916 жылдан күдікті – Бексауыптың осы кездегі кәсібі не екен? – деп тіміскілей келген сапарында, істестерінің кездесе кеткені Құрманғали үшін куанышты болды. Себебі, «не істесе де ақ офицерлері істеген болады да, өзі пара бергеннің, орыс тілін білгеннің «арқасында», эрі «құдай» сактағандықтан, аман қалған болмақ».

Бандылар Бекене – ылау тап дегенде, ол мой тімаш нету... Тілмаш нарядчик Омаров – деп қолын сыртқа сілтеді.

– Бұл бай ма, кедей ме? – деп сұрады екінші офицер Құрманғалидан.

– Кедей. Өте шебер адам.

– Мүмкін партизандарга мылтық істеген де шыгар?

– Мүмкін. Ол қолынан келмейді деуге болмайды. Бұл сөзді естісімен екінші офицер үйді тінтуге кірісті.

– Құрманғали-ау! Анау не іздейді?! – деді даусы қалтыраған ана.

– Білмеймін шіркінді, темекі ізден жүрмесе, – деді немкүрайлы дауыспен.

Офицер екі баланы ығыстырып жіберіп, Бекеннің төсегін тінте бастады. Бұл сэтте қарттың мысы құрып, қалы соқты, ақбалта жау қолына бұрын ілікті. Қарт арпалысып, балтасына ұмтылғанда, бірінші офицер мылтықтың дүбімен кеудеге түйіп, кроватына барып шөгін қалуга мәжбүр етті.

– Oh-o!.. Неткен өткір! Мүмкін бізге арнап қойған шығар, даланың кәрі текесі – деп балағаттады екіншісі. Шу ете қалған балалардың даусымен қосарланып.

– Бұлар сениң балтанды не қылсын. Ақымақтығыңмен аққұла таяқ жедін, қайта бірдене беріп, жағына салатын шалсын ғой, – деп, Құрманғали кімге тілектес адам екенін білдірді.

– Жауга жағынып, халықка жау боларым жоқ. Жағынған сен-ак жалын! – деп гүр ете түсті ашу кернеген Бекен. Бұл сөзге қытымырланған кулак бандыларға естірте:

– Бұзық шал, – деді орысшалап.

– Бұзық болса, түзетіп кету оп-оңай, – деп револьверін онтайлай бастап бірінші офицерге көзі түскен Бекен, ылау тап деп тұр ғой деген-оймен:

Секундегі шалға ылау тауып бермедің деп істеп тұрганын көрдің, сонда мені атпак па, осы доныз?! – деді. Сол секундта оның сына қобалжушылық душар болған еді:

- Балалар болса үйде жоқ. Үлкен баласы Фалым Дмитревка лосына астық іздеуге кеткелі бір жеті болды, Жакып бол - ожакмет дейтін кулакта жалышылғықта, «Жаркөлге» кеткен нахметтің не болғаны белгісіз. Бұлар қарулы, мен қарусыз... алға болса, колдан шығып тұр. Мынау опасыз екіталайдаңылардың жақтасы, - деген оймен Құрманғалиға бір қараптың, - Загыпраным қайда екен, - деу арқылы, - қораның ішінде Нұссам қайтеді. Шіркін! Найзаның бірі қолымға тисе, - деген қобалжудан ерлікке сүйрей бастағанда, Бекенің жүрегі ұлы мұсылмандығы арнадай. Кекті қанмен керіліп, бұлқына бастағанының тисе екінші офицер аяғындағы жана мәске жармасты.

Ішіне кіре алмай жүріп, қалжыр байлаған доңыздар! – деп, шашапың табанын игенде именбейтін тегеуірінмен офицердің мүркектен ала теуіп жібергенде, ол серендеп барып үйдің қыбыргасына жабысты, киім ілуге қағылған құагаш қазық бандының оның жак шықшытын ала іреп те жіберді. Екі бірдей соққыны көрген оның галықсып қыбыргаға әрен сүйеніп тұр. Жак еттері жіктеліп, Бекене Тұра үмтүлғанда, бірінші офицер Бекенді атып жіберді.

Балтамды!.. Найзамды! – деп сол жақ иығын қыса ұстал, карт  
қулап түсті. Үйдің іші тұманданып, дәрі ісі бұркырап тұр. Жас  
нарестелер:

Ата! А... та! А... т...а...а... лап үрейлері ұшып шулауда. Нұртас  
Сейіттің де іштеріне тауқымет түсіп, не істерін білмей,  
шілдары қашып, қалшиып тұрып қалған-ды.

Кеністеден: – Өлді, өлтірді, ойбай! Боталарым-ау! Сұрағанға, ышимағамбетке ұшыптар! – деген ананың даусын естіген екеуін сіктен оқтай атылды. Бандылар оларды «корқып кашты» деп үйлады. Есін жиған екінші офицер Бекенді тагы да атуға ыңғайланды:

Атпа оны, осы сыйы да жетеді. Тез аттаныңдар, мырзалар! Ауылда большевиктер бар. Балалар соларға хабарлауға көтті. Менің шымды мініп тез жөнеліңдер! Тез! Тез! – деді үрейленген Құрманғали. Ондагы ойы: шалды атып, атымды еріксіз мініп кетті дегені еді.

Балалар есіктен жүгіре шыққанда:

– Құлындарым-ау! Қайда қашып барасындар? – деген Загыпранға: «Атамды атты! Баймагамбетке... Сұраганға...» деуге ғана шамалары келді олардың.

Келгендердің кімдер екенін абысындарына хабарлап, енді үйге барайын дегенде: – Апа, сені бірденеге бастап жүр, шиеттей балалар мен өлмелі кемпір-шалға не істеуші еді, – деп Сабира мен Фалия Загыпранды босатыған еді.

Қалыңдығы метрден артық жер үйдің қабырғасынан сонау пішеннің қуысындағыларға мылтық даусы жетуі мүмкін болмаса да, есі-дерті үй болыш отырған Загыпранға жер астынан шыққандай бір дүмпу сезілгендей болған. Ол содан секем алып, үйге жөнелгенде жүгіре шыққан балаларды көрді. Загыпранның есікке тоніп келуімен, жаулардың үйден шығуының арасында секундтің <sup>10</sup> дей-ақ айырым бар еді.

– Енді наизага ұмтылу кеш. Не болса да қара күш жұмсау керек, – деді ішінен зығыры қайнаған Загыпран.

Екі көзінен от шашырап, бар қайратын жиып, еңкейіп шығып келе жаткан офицердің бірін көк желкеден қолдың қырымен салып-салып жіберді. Мылтығын алға ұстап екіншісі шыға бергенде, сол қолымен ұстай алып, он жұдышырымен қарақұстан қойып жіберіп, мылтықты жүлкүп қалғанда винтовка қолына келді. Сол екпінімен солға айналып түскен күйінде бандыны кос жауырынан салып жіберді. Сол сәтті секундта алыштан ашынып ұрган сокқысынан жаулар жер қаба құлады. «Енді не істесем екен?!» деп, аз кідіргенде:

– Қаш, апатай! Қаш! – деген үн күлағына сап ете қалды.

– Ендігі ақылын өрлер тапсын, – деген оймен мылтықты ала жүгіре жөнелді.

Сұраган мен Сейіт Загыпранға «Құрттының» орта шенінде жолықты. – Мылтығын не, жәнеше?

– Жаудан тартып алған мылтық.

– Япрай! Қалай тартып алдың?

– Желкесін үзіп!

– Жет, ендеше Баймагамбетке!

– Ол қайда?

– Нұртас іздеп кетті. Серікбайдікінде шығар.

Сұраган жүгіріп келе жатып:

- Екесін де өлтіріп тынған екен! – деді Загыпранның қайратына  
ониң оймен. Оның бұлай сенуіне ел сүйсінетін Загыпранның  
шаш-талақ істері себеп сді.

1916 жылы Аңдамас пен Смагұл құда болып, қыз иесі құда түсер  
білген жасағанда, атақты Тілеббай балуан да келді. Құдаларға  
шукеле кигізетін ғұрыппен әйелдер Тілеббайға лап қойғанда, ол  
бірін-біріне соғып ешкімді маңына жолатпаған-ды.  
Айымшылдықтың нашарлығының зардабын шеккен әйелдер:

- Нұртастың апасы-ау! Көмектессейші, ештеңс етпес, – деп  
тұраған соң, Қасымға жүкті кезі болғандықтан, бойын бағып, алысқа  
шылласпай тұрган Загыпран:

- Жарайды, қолына ие бола берейін, – деді. Ол айтқанындай,  
Тілеббайдың екі қолын ұстап тыптыр еткізбей қойғанын Сұраган  
көзімен көрген болатын. Сәукеле кигізіліп жатқанда:

- Оттен, қолым босамай тұр гой... Эйтпесе сен қатынды  
шынашағыммен атар едім! – деді Тілеббай. Оның бұл сөзі түрлі  
жылдарға үйлестіріліп, осы уақытта да айтылып жүр.

Кайын інілері жалышылышқта жүргенде – Фалыммен шөп шабу,  
Загыпранның көп жылғы қәсібі болды. Ұстарамен алған шаштай етіп,  
он екі табанга дейін сілтеген жолы, жөңкөріліп жатуши еді. Оның  
жашында ерінін жолы, баланың жолында көрінетін-ди. Алты пүттүк  
шығты жерден көтеріп алу, оған жүк сияқты сезілмейтін еді. Соңдай  
шаш-талақтына құмартқан Смагұл, қыстың басы мен аяғында қойға күрек  
шыу Загыпранды арнап шақыратыны жүрттың беріне мәлім.

Ол кеше де байдың бір табын қойына күрек ашып келді. Еңбегіне  
риза болған байдың бәйбішесі ағайынды «аяп» жарты қадақ май  
мен екі аяқ тары берді. Ол қожасынан жасырып берген «мырзальғы»  
болатың.

Сұрагандар жүгірген күйі қорага кіргенде, бандылар бірін-бірі  
сүйсін жаңада тұрып жатқан еді.

Сейіт, жегулі атпен мыналарды алдыңғы ауылға алып жениел! –  
деді. Кідірсе тағы біреуді жазым қылар деген оймен. Бандыларға  
шыран: «ылау дайын», – Сейітті көрсетіп, «мына бала апарады. Кейін  
тиң отряд келе жатқан көрінеді, оларды да жөнелтуім керек», –  
деп Сұраган үйді айнала берді.

«Луылда большевиктер бардың» үстіне «отряд келедіні» естіген  
«батырлар» естерінен адасып, не болғандарын да, винтовканы да

ұмытыш, сасқалақтаған күйде шанаға мінді. Божыны қағыш қалғанда «Сарбауыр» ат сыйындан жонеле берді.

\* \* \*

Үйдің есігі әлі тас бекітулі. Себебі: есін жиып алғанда, иығынан аққан қызыл қан, қатты ауырган жара, Бекенің қаһарын қабындарпаса қаймықтырған жоқ. Төрде жатқан ақ балта қолына тиғенде денесі сауығып ерекше күш-жігер пайдада болғандай болды. Жайшылықта жүзі сұсты, даусы зор, жігерлі ірі кісі бұл жағдайда адам бетіне қарамастай бейнеде еді. Балтаның сабын қыса ұстап, қабагы тастай түйіліп, көз жаңарынан от шашып, қанаты сынық қыран ақ балтаны жарқ өткізіп көтеріп-ақ алды. Ол сол күйімен бандылармен соғысуга тысқа ұмтылған еді. Бұл жайды білген үйдегілер, мұның аяғына оралып жібермей-ақ жүр. Балтаны коя салып сау қолымен Құрманғали мен Балқияны есіктен кезек лақтырады. Ал, олар бос жатқан балтаны алма кезек алғып қояды. Қысқасы, есіктің ілмегін салып алып, төрт қол бір қалды бөгеп тұр.

– Тоқташы! Ғалымның ағасы! – деп жалынады Балқия. Үйден шықса атып өлтіреді деген оймен, балалардың да аталған даусы семген жоқ.

Талай рет жұлқуды көрген Құрманғали қара терге малынып, ырсырс етіп, тұтіғіп кетуге жақын жүр. Ақтар аман кетсе екен деген оймен «Сабыр ет, Беке, сабыр ет! Мен көрген тұс болса актар қайта оралады. Сонда елге бұлік саламын демесен, қозғалма, тіл ал, жарапанды байлайық».

– Кімге жанын ашып жүр өзінің?! Босат деген сон, босат! Жастығымды ала өлеін, – деді Бекен, балтаны көтерген бойы. – Тоқта деген сон, тоқташы! – деді Құрманғали. Бексауыт тізесімен қағып, есіктен ығыстырып тастаған кездे жан даусы шығып: – Иттің иссі болса тұлкінің тәнірісі бар, атпа дегендеге орыс та тоқтады гой.

– Ah!.. Қарабет солай ма? Байлар бандыларға жақтас деген осы. Мұндайларға мүйізінің сырқырайтынын ерте білгем. Мені аяп атқызыбағансың гой тегі. Жаусың лағнет! Орысы не, болысы не дегендей, қанымды сен иттің қанымен жуайын! – деп, балтаны оқтала бергенде, тындалап тұрган Сұраған:

– Эке! Тірімісің! Даусың неге қатты шығып жатыр? – дегендеге

Ширагылған бұлшық ет сылқ етіп тарқатылып кетті.

Кан тыйлды ма? Ата, есік аш, – деді ол. (Бексауытты «әке»,  
шикияны «апа» дейтін).

Жоқ, Сұрағанжан, байлатпай жүр, – деді бетіндегі терен  
шімдерін қуалап жүлгелей ақкан көз жасы тыылмаган ана, есіктің  
шімессін ағытып жатып. Бандылардың кетіп қалғанын естіген  
бекіт:

Маган ат тауып бер, Сұраған?! – деді.

\* \* \*

Офицерлер ауылдан шыға бергенде, еңкелендей асыға аяндал,  
бүйін бойлы, орыс өнді қек көздеу келген аққұба жігіт жиналған  
шымдарға келіп: – «Маган неге іле хабар жібермединіздер» – деді  
шікі козі жайнап.

– Ілс жіберген.  
– Жұмыстың бәрі қас қаққандай болған жоқ па.  
– Қап, ауыл аралап кете қалғаным-ай! – деді ол өкінішті пішінмен.  
Затынран сыйлаған винтовкасына қарап:  
– Мынаған патрон табылар ма екен, бес-ақ оғы бар ол неге жетеді?  
– Бігіндің үйде он шақты оқ бар шығар? – деді Серікбай.  
– Үш, тез әкел! Жүйрік ат тап! – деді ол, Сұрағанга дік-дік  
боїлей.

– Смағұлдың «Торы аты» бүргенінде байлаулы түр. Тез ерттеп  
әкел! – деді Шакейге, Сұраған істелетін істің жайлы айтпай-ақ  
түсініп.

– Баймагамбет, шырағым, не жұмысқа бет алдың?  
Бандыны қууга.  
Сабырлық етсен қайтеді, шырағым?  
Байқа, шырағым, мерт боларсың.  
Тартпактамандар! Мен де күсамын, – деді кыр мұрынды, кара  
шүр Құйсен. «Бұл арада біз де бармыз» деген дауыстар жастар  
шынышан шығып-ақ қалды. Баймагамбет бұл сөздерге құлақ ашқан  
жоқ. Ол есік алдында тықырынып, жүзі сұрланып, ауылдың шығыс  
шыныша қараумен болды. Ат ерттеліп патрон әкелінгенше,  
шынындар екі-үш шақырымдай үзады. «Сарбауыр» бар шабысымен  
шүйткіп келеді, бірақ аттың шабысы қашқындар үшін қанағатсыз.

Баланың қолындағы бишігін жұлдып алып, офицердің бірі үздіксіз ұрумен болды. Жаны ауырган «Сарбауыр» бұдан артық не керек дегендей, қиястанып арындауға айналды. Көзі шатынап шана да тепті ол. Бұл жағдайға бала да састы. Себебі, «айда сайтанның баласы!» деп оны да бірнеше рет түйгіштеген-ді.

– Осы арамқатқар үшін атылып қалмасам игі еді – дей бергенде, арт жақтан мылтық даусы гұрс ете қалды.

Ақтар атысуға әзірленгенде, мылтықтың бірі жоқ екені сонда белгілі болды. Екіншісі атыса бастады. Кенеттен мылтық даусын естіген «Сарбауыр» қиястықты ұмытып, бар пәрменімен шаба жөнелді. Бұған өлімнен құтылып, өмір айдынына кіргендей, актар түгіл Сейіт те сергіп қалғандай болды.

– Я! Сәт! – деді ол, шананың алқымына тығыла жатып, – «Желқызыл» жолы қосылатын тұсқа жақындағанда, – осы құйылтқан шабыспен «Желқызыл» жолына жалт бұрылсам, тезекше тоңкерілетін-ақ шығарсындар, ақ иттер! – деді күбірлеп. Ол осы шешімге келді де жантая беріп байдың атын бақайдан осып жіберді. Шабысқа шабыс қосқан екпінмен он жақ божыны тартып қалғанда, ат қабырғасынан жалтарғандай бұрылды. Шананың арты бір кедергіге соқтығып, әрі локытып жіберді. Алдын ала сақтаңып ұстап, құламаудың бар тәсілін ойламағанда Сейіттің өзі де ұшып кететін еді. Абайсыз отырган актар баланың ойлаганынан шығып, қатты жолдың үстінде доптай домалады. Нысана бір орында анық көрінгендейктен бе, әлде баладан жасқану қаупі арылған соң ба, қуғынши – Баймағамбет сол сәтте офицердің бірін атып түсірді.

Ажалдың торына түсірген баланы құттайын деген өшпендейлікпен тірі қалған офицер, өлген жолдасының мылтығының бірінші оғын Сейітке арнады, бірақ жаудың легені болмай балага деген ажал оғы – байдың атына тиіп, «Сарбауыр» омақаса құлады. Баланың бұған бүйрекі бұлж еткен жоқ. Ол колденеңнен көз тігіп, даладағы шайқасқа қадала қарап, өзімен-өзі сойлесіп отыра берді.

– Уа, шіркін! Сілтеуіне болайын, атқан оқ па екен дерсің! Эне, екінші біреуі шықты, үшінші... төртінші... күгіншының көп болғаны жарады!.. Сейіттің сүйсініп отырганы Баймағамбеттің астындағы торы ат. Оның жал-құйрығы желмен ойнап, жүйткіп келді. Бұктеліп қоянша ырғығанда, құйысқаны сауырына сарт-сұрт ұрылады. Алғашқы мылтық атылып, қашқындар қарасының көргенде, қасқыр күган кәнігі

шүлгелден шыққандағыдан жылдамдығын екі есе арттырды.

«Аягыма оқ тиді-ау! – деді Баймагамбет, өкшесін қатты ұрысынып. «Торы ат» төрт аягымен қар уыстап, алды-артына ортап келеді. Жолды ұту үшін төтелей шапқан Баймагамбет:

· Қак жолдада сонымен жақсы сілтейтін шыгар, – деп айыпранның аттанарда айтқаны не өткен ақиқаттық еді, – деп үлгіледі, кездей кесе қарды сілбідей көрмей келе жатқан торыға үлесініп:

«Торы» бестісінде Бекең үйінікі де, «доңыз» жылғы жұтта Смігул зәру тосып екі шөмелे шөпке сатып алған-ды. Қысқа ұраганда «шаппай бер!» атануы, қарасыны көрінбеген қасқырды әймен құыш жетіп, соғып жүргені.

Бұл жарықтық, қыстың «дүлділі» ғой дейтін атасының сөзі Әйыпранның ат сырын білуіне негізгі себептер болатын еді.

Міне, сол «Торының» үстіндегі Баймагамбет сұнқардай сорғалап жетіп те қалды. Оның есінде өлім деген жок – өмірдің ісі бар, жетілу емес – жену гана жүрегін алыпұрдыраңы. Оның попагын тесіп өткен жау оғы кірпігін қактырған да жок.

Қалғанын қайткенде де тірі ұстая керек!.. – дейді жігері қайнап. Баймагамбет жауға жақындаған сайын оның көзін алдап, біресе аттың жалын құшады, біресе үзенгіге іліккен болыш, жерден күміс сұндырығандай жантайып қолын салбыратады, сол сәтте оғы таусылған винтовканы да қалдырды. Неше түрлі құбылып қозғалыс жасаған жерінен ат аяғын бір қақпай жауға қарай зымырап келеді.

«Аты аман болса да, өзі өлтөн шыгар» деген офицер қарауылға Дүйсен, Ескак және Сұрагандарды да ала бастады. Баймагамбет жұз метрдей қаштан кезде, тездікпен түзеліп, пистолетінен бірнеше оқ атқылап, ақыра үмтүлғанда алданған жау кірерге тесік таба алмағандай болды. Сол сәтте шілде кеудесімен соғып өткенде, ол қандай соққыға душар болғанын да сезебеді. Колындағы мылтығы, басындағы құлақшынынан айрылып, аузы-мұрны қан болып, тұра берген бандыға қайрылып келген Баймагамбет арыстандай айбаттана:

· Көтер қолынды! – деді. Пистолетін кезеніп тұрган айбынды тұлғага төзбеген жау тізе бұкті.

Бұл мезетте кейінгілер де келген еді. Дүйсен келген бетте жау офицерін найзамен шаншуға айналғанда: – Тоқта! – деді Баймагамбет, – өлтіру қашпайды, карусыздандыру керек!

Баймағамбеттің жақындағандағы құбылыстарын көріп, жылап жіберген Сейіт, құғыншылардың аман болыш, жаудың қолға түскенін көргенде алакайлаш дарапы жаңғыртып, айқайлаш жіберді.

Оның борсандаш жаяу жүгіріп келе жатқанын көрген ағалары;

– Бала тірі екен! Бәрекелді! Үлкен абырай болды-ау! – деп куанысып қалысты. Баймағамбет баланың бетінен сүйіп, арқага қағып аймалап:

– Зор көмек, үлкен ерлік жасадың! Қалқам! Сен де ауылда жаумен айқасқандардың бірі болдың! Жауды жеңіскеңің үшін, большевик партиясының, Лениннің атынан алғыс жариялаймын!!!

Бұлар ауылга келгенде чека отряды топтанып тұр еді.

– Япырай! Аман келдіндер ме?! Тіпті көп атыстыңдар ғой.

– Біреуін өлтірдік дейсіндер ме, бәрекелді... бәрекелді!

– Жәннәмнің түбіне кетсін!

– Мынасының сүміреюін!

– Қоянның ішек-қарның жеген «Ақтабандай» етіпсіндер ғой өзін.

– Бұған да «түйе қарату» ғой!

– Суытып жіберуді білмеді деймісің, керегі бар шыгар.

– Балаң аман келді ме? Қайырлы болсын!.. деген дауыстар бірінебірі ұласып, косарланып айтылып жатты.

Бұл кезде Баймағамбет чека адамдарының командиріне істің жайын баяндаш тұрып:

– Етігініздің өкшесі қайда? – деді жауынгердің бірі. Сонда гана аяғының ауырғаны есіне түсіп, етігіне таңдана қараган Баймағамбет:

– Аяғыма неғып оқ тиді десем, аттың тұяғы екен, – деді, – артқы аяғын алға сілтегендеге тұяғы өкшеге жеткен-ау жануардың!

Сұрау койған жауынгерге:

«Жақсы ат оқтан құтқармаса да, оттан құтқарады» деген қазақтың мақалы бар. Оқшем ауыра берген соң, аяғымды ат қабырғасының жіберіп, еңкейіп отыруға мәжбүр болып едім. Өйтпегендеге оққа ұшумын сөзсіз еді, – деп Баймағамбет жауынгерлерге попагын көрсетті. – Сонда «Торы» ат оқтан да құтқарған болып табылды, – деді жымып.

Баймағамбет төсек тартып жатқан Бексаутқа келіп:

– Колыңа мылтық берсем, жауыннан өшінді алар ма едің, картата? – дегенде:

Аман келдің бе? Әлде қайтіп кетеді деп қаутеніп жатыр едім.  
Жеңісің қайырлы болсын, шырағым! Сендердің әперген өштерің,  
біндің алган кегіміз, әрқашан да мерейлерің үстем болып, тастаған  
тостарың өрге домаласын! – деді қарт, қабағын шытып, ыңқылданап  
жатып.

Рахмет! – деді ол Бекеңнің қолын ұстап. Ауырған денесін  
ұмытсын деген оймен:

«Женісті бір бұл емес – күтем алдан,  
Рух алып Ленин салған ұлы ұраннан.  
Езілген ел тілегін орындауга,

Жас жанды жұлдындырад мендегі арман...» – деп өлеңді біраз  
күйілтывып жіберді ол.

Баймагамбет жолдастарына пленді табыс етіп, кешінде Бекең  
үйінде конды да, 4 март күні Қызылжарға жүріп кетті.

Опилог: Сейіт Б. ауылдыңдағы жеті жылдық мектептің мұғалімі.  
Октябрь революциясының қырық жылдығы алдындағы естелігін  
әңгімелеп отырып:

Марқұм Баймагамбет жарқ етіп жанып, жалт етіп сөнген адам  
той, – деді оның 1921 жылы 4 март күнгі тұнде өзіне сыйлаған  
фотосын көрсетіп.

С.Мұқановтың Іздөлин Баймагамбет 1921 жылы 20 апрель күні  
жерленді дегеніне қарағанда, Баймагамбет «Өтеміс» ауылынан  
кеткен соң Қызылжарға барып, бір ай шамасында гана өмір  
сүргендігі байқалады.

18 октябрь 1958 жыл.

## ЖЕР

Қазіргі кезде жердің ішкі құрылышын зерттеуге мүмкіндік беретін негізгі әдіс – геофизикалық сейсмология әдісі болып табылады. Академик Б.Б.Голдинның созімен айтқанда «Сейсмологиялық толқындар жердің терсөн қойнауын бір сәтке болса да көріп қалуга мүмкіндік беріп жарық шашатын ғажайып шам» – деуге болады. Неміс ғалымы, сейсмолог Б.Гутенберг пен австрия ғалымы, геофизик К.Э.Булленнің жердің ішкі құрылышын анықтаулары, қазіргі кездегі ең мол тараған ғылыми түйін болып табылады. Олар сейсмологиялық, геофизикалық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, геосфералардың физикалық қасиеттерінің өзіндік ерекшеліктеріне қарай әр түрлі зоналарға ажыратады. К.Э.Буллен зоналарды: A, B, C, D, E, F, G мен белгілеуді ұсынған.

Сонымен сейсмикалық толқындардың тарауына тау жыныстарының тығыздығына, ішкі қысымдардың өсуіне және сол сиякты физикалық параметрлерді зерттеу нәтижесінің деректеріне байланысты жердің ішкі қабаты негізгі жеті геосфералық зонаға бөлінеді. Суретке қараңыз. Бірінші (A зонасы) жер қыртысы. Оның өзі үш қатпар: шөгінді жыныстар, гранит және бозальт. Жер қыртысының қалындығы орта есеппен 33 км. Толқындардың бойлама р және көлденен с таралу жылдамдығы кеңінен өзгеріп отырады. Тығыздығы  $P = 3,32 \text{ Н/м}^2$ . Жер қыртысының астындағы B, C, D зоналары мантия қабатын құрастырып тұрады.

Жоғарғы мантия В зонасын астеносфера дейміз. Оның қалындығы 33-410 км. Бойлама Р толқынының таралу жылдамдығы 7,8-9,0 км/сек. S – толқыны 4,4-5,0 км/сек, тығыздығы 3,64 г/см<sup>3</sup>. Қысымы 4,07 Н/м<sup>2</sup> С – зонасы ортағы мантия. Қалындығы 410-1000 км. Бұл арада Р толқынының таралу жылдамдығы 9,0-11,4 км/сек, S толқыны 5,0-6,4 км/с. Тығыздығы 4,68 г/см<sup>3</sup>, қысымы 4,41 н/м<sup>2</sup>.

D зонасы төменгі мантия. Қалындығы 1000-2900 км аралығында. Бойлама толқыны 11,4-13,6 км/сек. көлденен толқыны 4,7-5,7 км/сек. жылдамдықпен таралады. Тығыздық интервалы 4,7-5,7 г/см<sup>3</sup>. Қысым молшері 5,57-1,37 н/м<sup>2</sup> аралығында.

Бесінші E зонасы – сыртқы ядро. Терендік интервалы 2900-2980 км аралығында. Бойлама толқындардың таралуы 8,1-10,4 км/сек.

Ал колденең толқындардың таралу жылдамдығы нольге тең. Ішкілтік интервалы 9,4-11,5 г/см<sup>3</sup>, қысымы 12,0 н/м<sup>2</sup>.

Алтыншы зона аралық аймак F – 4980-5120 км аралықтың қамтиды. Физикалық қасиеті сыртқы сұйық ядродан гөрі ішкі субъядроға жақын.

Жетінші субъядро зонасы С планетаның орталық бөлігін құрайтын 5120-6376 км ядро. Диаметрі – 2500 км-дей шар. Бұл зонада тек бойлама толқын болады. Жылдамдығы 11,2-11,3 км/сек екендігі шыншыкталған.

Сыртқы ядро мен субъядроның шекарасын анықтаған Дания Галымы – сейсмолог Инге Леман (1936 ж.) болған адам.

Коріп отырсыздар, жердің де жеті қат екендігі анықталып отыр.

\* \* \*

Мақалалар жеті санына қатынасты болғандықтан жинақталды. Зерттең берсе, жеті тақырыбындағы мәселелер табыла беретін тәрізді... Мәселен жеті қыл ішек тағылған, қазактың байырғы ширтпелі музыкалық аспабы болған гой. Ол ішек санына сәйкес жетіген атанған.

Жетігеннің бір ғана данасы табылып, 1868 жылы Санкт-Петербургтегі Даушковский атындағы этнографиялық музей корына түсінен. Сақталған суреті арқылы қайта жасалып, қазір Астанада, халық театrlарында, оркестр, ансамбльдерде ән-күй әуездерін үн қосып жүр. Жарық дүниеден жарасым таптай, жоғалыш көткен көне мұрамыз қайта туганда, Қазақстанның исі казагына көріне койды ма екен?..

Меніңше, бұл мұра әрбір елді-мекенге кең тарау керек.

\* \* \*

Жеті жарғы. XVII ғасырдың аяқ шені мен XVIII ғасырдың басында Тәуке хан тұсында жасалған қазактың байырғы әдет правосының жинағы. Тәуке ру, жұз араларындағы алауыздықты жойып, бірлікті-бүтіндікті мақсат еткен. Жеті жарғы үш жүздің атақты ру басыларының Түркістан манында бас қоскан жиналысында қабылданылған. Жеті жарғының негізгі тақырыбы: жер дауы, жесір дауы, мал дауы, жан дауы, құн дауы, мұлік дауы, хандық-білік болса керек. Жеті жарғының жазбалы тұңғыш мәтіні болуы ықтимал. Бірақ ол әзірше беймәлім тәрізді.

## Белгісіз батыр

Жонғар қалмақтарының шабуылына тойтарыс беру ұранын қолдаған батыр Баян қазақ елінің солтүстік аймағынан құрған жаужүрек ығай мен сығай қалың қолды бастап, Ілеге беттеп келе жатты. Таулы өлкеге таянғанда, солтүстік-батысқа қарай ағылған халық кездесе бастады. Келесі құндерде қара құрттай қаптаған босқыншы жорыққа шыққан қолдың қозғалысына бөгет жасағандай болды. Эркім қолына түскен малды құш қөлігі етіп пайдаланған. Жасөспірім балалар тай-құлын түгіл, бұзауды да қөлік етіп мінген. Жұрттың қебі жаяу. Қәрі-құртандар үшін әр түрлі қөлікті сүйреткіге жегіпті. Олар құрым киіз, желіком төсек үстінде сүйретіліп барады. Босқындардың ізінен боз топырақтың шаңы борайды. Келесі толқын кілең жаяу. Олардың арасында қалт-құлт етіп тәлтіректеп, таяғына сүйенген қарттар, жаяу жүргуге жарамай қалғандарды арқалаған жігіттер мен жас әйелдер, бала қөтерген аналар, жетектеуге жараған балалар да келеді. Кейбіреулер ілгері аттауга құш-қуаты жетпей құлап қалып жатыр. Осы қоңтентен қүңірсінген мұн, қайғы-касірет зар естіледі.

«Осынша не жазып ем қатты Құдай?!

Қара жер қабыргама батты Құдай.

Табаным жаяу жүріп тесілгенде,

Бермендің тым болмады атты Құдай».

Қүші сарқылып талып түскен бишараптың жас үрпақтары зарлап жылаганда жаңағы зарығып күйзелген мұнды үнді үдетіп жіберді. Кімнің болса да бет әллеті адам қарағысыз. Манңайдан ақкан терге жуылған шаң жұздерін әлемтаптырық еткен. Кезерген еріндер жарық-жарық.

– Малдарың қайда? – деген сұраққа, «Жау айдаш кетті», – дейді кім болса да.

– Жаудан не хабарларын бар? – деп сұраса:

– Алыста емес шығар, – деп қорқынышты кейіппен кейінгі жаққа қарайды. Осы текстес жауапты бірнеше адамнан естіген батыр Баян, «Сақтықта қорлық жок» деп, бір топ батырды барлаушылыққа аттандырды. «Ол тапсырысының сонында... бірен-сарапдан жүргенмен, бірігіп соғысады ұмытпандар», – деді.

Манағы жаяу шұбыргандардың ең соңында, қол арбага жегілген

екі адам қозы көш жер қалып қойыпты. Бірі алпыс бес жас шамасындағы ақсақ шал. Екіншісі 45 шамасында егде әйел. Сүйреген жүктөрі екі қап құрт, ірімшік пен бір мес су. Қалтардың үстінде үйсімелі-сүйсімелі үш жетім бала отыр. Ерлі-зайыптылар бір тұрып бір жүреді. Манғайдан сорғалаған сортаң терді сұқ саусақтарымен жіп сыйырады.

Халыктың қара сонында қалып койдық-ау. Қырсық шалғаны шұдай, ағайын туганнан мәңгі ажырасып, қалмақтың қаһарына дүниар болмасақ иғі еді. Аяғыңды бассайшы, Алпыстың атасы?!

Жанып келе жатыр деймісің, сынған аяқ сырқырап, сыздап... жүргегім аузыма тығылып, дымым құрып, ілгері басқан аяғым кері кеттің келе жатқан жоқ па! Қеудесі сырылдан тұншыға жөтелді ол. Жашыңы өшкен жанарымен сүлеленс қарады жұбайына.

Алпысжан-ай, тағы жаяу жүрші. Атан шаршадым дейді. «Арық шілкі – қамшы ауыр» дегендей, аз да болса женілдік болар, – деді ішінен. Алты жасар Алпысбай қол арбадан түсіп келіп, әкесі жегілген жіптен тартып көмектескен болды.

Әл-куатыннан да, ақылыңнан да айналайын! – деді еміренген шіла.

- Ана жалғыз ағашқа жете алсақ, аялдайықшы, – деді карт, демін шілкіна алып. Қартының қауқарын сезген әйел ері нұсқаған ағашқа қарай рай ойыса жүрді. Қарт карагаштың саясына жете бере жалп ете түсті.

- Су-су!? Арбаға жегілгендері жіпті иығынан сыйыруға да шамасы келмеді оның. Ерінің аузына су тамызып, бір жағынан жылап, зарлаған балаларды уатып жатқан қарбаласта, көк сұңгісі қолында, қалкан, көбе, садактары сай, дұлығасы күнге шагылысқан, жанарынан үшікүн атқан бір жас жігіт жетіп келді. Бұл Баянның барлаушысы-тұғын.

- Кім боласыз, бауырым?! – деп сұрады, «жаяу ма» деп зәресі үшқан әйел жылап жіберді.

Қазақпыш. Мына кісі сырқат па? – деп сұрады қартты нұсқап.

- Е, қазақ болғаның жарады, қарағым! Бұл кісі зорығып кетті білем, талып түсті. Осы мезетте қарт көзін ашты.

- Армысыз, аға!

- Бар бол, бауырым! Шұбырды қазақ қауымым, алысталп кетті ауылым! Атадан ұл, анадан кыз айрылған, қырсығы қабындаған

заман болды ғой! – деп кемсендеді қарт. Бұларға жүрегі елжіреп, жаны ашыған жас батыр атынан түсіп.

– Алының менін атымды. Нәрселерінді тенден, сәбілерінді үстіне отырғызып жүріп кетіндер.

– Жо... жоқ, алмаймыз-алмаймыз. Жорықта жүрген жауынгер астындағы атын ешкімге бермес болар. Дәстурде жоқ, ырымға жаман сөзді айта көрме!

– Ырым-сырымды айтпа маған! Ал деген соң ал! Батыр бұл сөзді даусын көтеріп айтты.

– Ер қанаты «ат» деген, біз үшін жаяу қалып мерт боларсын, тәнір жарылқасын алмаймыз, шырағым!

– Ана шоқының шығыс жағына қараши қайыным, екі салт атты тұра осылай қарай сүйт жүріп келеді.

– Жанарыңыз қандай жіті еді, кияндағыны көретін қырагы екенсіз жеңеше. Зор рахмет, жау шолғыншысы болуы ықтимал.

– Жау екені анық. Мен қалмак ерінің қасынà дейін көріп тұрмын.

– Жағдай құрт өзгерді, – деді де атынын айылын тартып, садақ оғын қайрап алғып батыр атқа қонды. Найзасының бұлдіргесін он аяғының басына іліп сойылша сүйретті. Атының жалын құшып қарсы келе жатқан бейсауда салт аттыны көрген жонғарлар:

– Тұтқынға тұскен соң өлтіріп, атына таңып жіберген біздің кісі шыгар.

– Көп күн ұйықтамаган адамның көзі ілініп кетіп, осылай қанғитыны да болады. Бұны қазақ болса, тұтқынға алъып, жонғарлық болса серік етейік, – деп жайбаракат баяу жүріп келе жатты. Сол сәтті байымдаган батыр оқ бойындаид жер қалғанда кенеттеген түзеліп садақ тартты. Серігі «алу лакау лок» деп аттан құлағаның көрген екінші барлаушы сасқанынан қаша жөнелді. Батыр бұлдіргені ілген аяғын үзенгіден шығарып кейін ұстал, найзаның үшін жауга безеп, өкшелей куды... Ат құйрығын тістесер қашықтыққа келген кезде, бұлдірге ілген аяғын алға сермен тепкенде, найза жұльын-жүйкесіне кірш ете түсті. Жау омақасты.

Аз уақытта жонғардың екі барлаушысын өлтіріп, олжа аттарды босқындарға көлденен тартты. Ол сәбілерге мейірлене қарал, «Еңді атқа мінеттін болдындар» деп, әрқайсысын арқага қаққанда, ортанышы бала бір жерін ауырсынгандай кейіп көрсетті.

– Бұнысы қалай, арқасында жарасы бар ма еді? – деп ыңғайсызданды.

– Иә, жарасы бар-ды.

Қап, білмеген у ішеді деген осы-ау! Ренжімеші, қалқам?!

Коресіні көрдік қой, қайным! Жайдан-жай ел босып шұбыра ма'.. Жонғарлар елді шапқанда мал, мұлікті тонағаны аздай, пламдарға аждаһадай тиді. Қөздеріне көрінген ұл балаларды да сау қалдырмады. Емшектегі бөбектерді наизамен түйреп аспанға штқанын да көз көрді. Осы сорлы бала біз жасырынған жартасқа қарай қашып келе жатқанда, бір қаныпезер көз алдында жаралап кетті. Міне көрдің бе, – деп сәбидін таңуын көрсетті. – Омыртқа ғұсынан бастап, қабыргасының бір сүйемдей жерін тіліп кетіпти. Қызылма, қайным, ештеңе етпейді. Бұл жараланып жатқанда да жыламаған қайсар.

Бәрекелді, шыдамдылық қайраттан шығады. Онда бұл түбінде Баян сияқты батыр болады екен.

Айтқаның келсін, қарағым! Әттең, Баян! Ол келіп қалса, жоңгарлар жаңын қоярга жер таппай, жөңкіле қашар еді, – деді карт.

Аңсаған Баяның да келе жатыр. Мен оның барлаушысымын. Мына екі атты сіздерге сыйладым, игіліктерінізге мініңіздер! Мен сілді жүремін. Сау болыңыздар!

Аптырай, ә! Қара тұман серпіліп, күн көзі жарқ еткендей болды-иу! Куаныш-куанышқа ұласқан деген осы. Тәңірі жарылқасын, әрқашанда осындай женіске жет!

Көп жаса, оркенің өсіп, Құдай сыйласын, қайным! – деп, шексіз қуаныш, естері шығып даурығып қала берді бұлар. Осы шаттықты бұзғандай үнмен «Қап!» – деді карт санын соғып өкініп. – Есімізден осынша айрылармыз ба. Құдайдай жарылқаған жомарт батырдың кім екенін білмей қалдық қой, эттеген-ай! Әттеген-ай!

– «Өткен іске өкінбе» деген. Бұл аттарды қайдан алдыңдар? – дегендегерге, «Бір белгісіз батырдың жаудан тартып алып, бізге берген сыйы дерміз», – деді жұбайы.

\* \* \*

# ҰЙҚЫШЫ

(ертегі)

1

Ерте, ерте, ертеде,  
Осы біздің өлкеде  
Дүрмен дейтін болыпты.  
Тауып жақсы қонысты,  
Жазиралы жайнаған.  
Момын елін мал баққан,  
Тас жүректер торыпты.  
Дүрмен батыр айбарлы,  
Жаудан елін қорыпты.  
Сондай жаны жайсан өр  
Зор қайғылы болыпты.  
Қаза болып жан жары,  
Кеудеге шер толыпты.

Әмен дейтін баласы,  
Көздің ақ пен қарасы,  
Он үш жасқа келгенше,  
Жетілменті санасы.

Жарты жетім үл бала,  
Әкеге жай өр қара.  
Иектепті мол ұйқы,  
Багатыны сол ғана.

Оятса салып қылжаққа,  
Есалаңсып елірген.  
Он жағынан сол жаққа,  
Аунауга да ерінген.  
Жұмырланыш жотасы,  
Тел құлындай семірген.

«Қозғалсам-ак демігем», –  
Деп жұмыстан безінген.

Шошыныпты әкесі,  
Жіі алған демінен.  
«Асқынар» деп жұмсасам,  
Жат әуенге берілген.  
Ұйқы баққан санасыз,  
Кер құландай керілген.  
Дені сап-сая шынында,  
Емес күйі кеміген.

Үйге күзет болыпты,  
Асыранды қарғасы.  
Алды болжап жоритын,  
Бір келтірер пайдасы.  
Айтатыны Әменге:  
«Қатты ұйықтап қалмаши!?»

2

Кетерінде жұмысқа,  
Дүрмен берген тапсырыс.  
– Жайған астық тұр тыста  
Керек оған сақ тұрыс.

Аман сақта тауықтан  
Өредегі азықты.  
Балаларға тарықкан,  
Болып қалма жазықты.

Бірге жүргөн жолдастай,  
Сөзін тыңда қарғаның.  
Жатып алма жамбастай,  
Ұйқы болып арманың.

Жарты сағат болмай-ақ,  
Кеткен Әмен ұйқыға.  
Қара қарға қарқылдан,  
Басыпты кеп қикуға.

– Бұзау тұмсық, қазан бас,  
Боласын ба, күнде жас!?  
Жайын ауыз сойдақ тіс,  
Қалқан құлак, дудар шаш!  
Тары шашқан тауықты,  
Қорасына қамағын.  
Балалар да қауіпті,  
Куалап кел, қарағым!?

3

Түске қарай оянса,  
Өредегі азық жок.  
Ез Әменнің ойынша,  
Өзінде еш жазық жок.

Көрсөн толы айранды,  
Ішті де ол ойланды.  
«Тары құны толады,  
Салғаннан соң ойранды».

«Әу десіп кеп талапты,  
Тойып алып тарапты.  
Мә қасасқа-қасас!» – деп  
Тауықтарды қамапты.

Құс қамалған азарға,  
Үйқы болған назарда.  
Үйықтарында айтқаңы:  
«Сатам бә-рін ба-зар-р-ға».

– Эдег қылсан қалгуды,  
Тап боласың құлкіге.  
Тауық торып қанғулы,  
Кезіктім бір тұлкіге.

Қарға сөзін ұйқышы,  
Естісе де ұқпапты.

«Тұлқі қырса... үй құсы...»  
Сандырақтап ұйықтапты.

Қарқылдаумен қажынып,  
Қарға байғұс қамыққан.  
«Ояншы!» – деп қақсаудан,  
Даусы мұлде қарлыққан.

Басы-көзі ісініп,  
Тұс ауған соң ояңды.  
Дүрмен кеткен пісіріп,  
Жеп тауықсан қоянды.

Тойып алып тамаққа,  
Барыпты құс корага.  
Тұлқі жатқан, қонаққа  
Келгендей-ак қонаға.

Әмен қатты қуангана,  
Көрмегенін көрген соң,  
Шығатындей құмардан,  
Білмегенді білгел соң.

Құтты екен қорамыз,  
Көр түлкінің келісін.  
Көп ақшалы боламыз,  
Сатым тұлқі терісін.

4

Біраз уақыт өтіпті,  
Әмен ұйықтап кетіпті.  
Даусы қара қарғаның,  
Құлагынан өтіпті.

– Ұйықтадың төрт рет,  
Мақсатынды орындал.  
Егер үйге тисе өрт,  
Жатпақпысың қорылдал.

Құс қорада тәбелес,  
Жасап келдім өзім зерт.  
Ұрыс емес елемес,  
Болуы хақ түлкің мерт.

Болған Әмен кереңдей,  
Құлақтары бекілген.  
«Кет, аулақ!» – деп елеурей,  
Қатуланып зекіген.

Қайта кепті тарығып,  
Досын ойлап зарығып.  
Жылай-жылай ызадан,  
Көз қызарған қарығып.

– Шын сезіме көнсөңші,  
Көзбен барып көрсөңші.  
Шаруана бір мезгіл  
Көңілінді бөлсөңші.

Иттің көрші кірісін,  
Айтқаныма сенсөңші.  
Дал-дұл еткен терісін,  
Ит сазайын берсөңші.

Биен қетті бошалап,  
Оны қараң келсөңші!  
Айтқан тілді алмасаң,  
Ұйықтап жатып өлсөңші.

Киінуі құлқұлі,  
Бір сағаттай қамданған.  
Далы шыққан түлкіні,  
Көріп тұрып таңдаңған.

Бөсті әмен жыр жырлап,  
Құт қонды деп арманды.

Байлапты ол шынжырлап,  
Аса ақсақ арланды.

– Тұлқі түскен төбеден,  
Ит еніңті іргеден.  
Апан қазган қасқырдай,  
Керім еді не деген!

Үй боламыз дәулетті,  
Алтын жауып төбеден.  
Тұрмыс болмақ сәулетті,  
Бізді құдай елеген.

5

Эмен келіп құлапты,  
Басу үшін дағдыға.  
Қарға байғұс жылапты,  
Уайым айтып тағы да.

Қозғалуға ерініп,  
Көп үйқыға беріліп,  
Жатып алған, оянбай,  
Көрпесіне көміліп.

– Болдың тағы масқара,  
Күлкі болып басқага.  
Итті альш кетпекші,  
Бір ептеілі жас бала.

Болды ма деп зақымды,  
Ит иесі қышжылған.  
Ізде тауып ақыры,  
Алып кетпек шынжырдан.

– Суық хабар экелдің,  
Үйқы бұзып тағы да.  
Қанын ішіп әкеннің,  
Жылан туғыр жағына.

Осыдан-ак бас қатты,  
Деп' қарғаны бас салты.  
«Карқ» деуге келтірмей,  
Мойнын бұрап тастапты.

6

Үйге Дүрмен кеш келген,  
Тапсырысын тексерген.  
Қырсық басты баланың,  
Қырсыздығын ескерген.

– Бар ма азық қабында? –  
Дегенде ол тарыла,  
«Қақ жарыла алмадым»,  
Депті үй мен малына.

Бағу бекер тауықты,  
Жау құс екен қауіпті.  
Мен биеге кеткенде,  
Үйді жаудай шауыпты.  
Бір түйір дән қалған жоқ,  
Жент, ірімшік алғам жоқ.  
Тоналыппыз тап-такыр,  
Сөзімде еш жалған жоқ.

Бұган, әке, кынжылма,  
Жазаланбай қалған жоқ.  
Түсірмеңіз үнжырга,  
Қайыры мол көңіл тоқ.

Нағыз берік қораға,  
Тауықтарды қамадым.  
Ойладым ол арада,  
Біраз ақша боларын.

Тұлкі түсіп төбеден,  
Қылыпты ол қылықты.  
Аз жегенмен тауықты,  
Көпшілігін қырыпты.

– Балам, бұның жаңалық,  
Отырмасың омалып.  
Ұйқы бағып күн-түні,  
Толығып ең оңалып.

Ала көніл едім мен,  
Қала ма деп тоналып.  
Жүр өлтіріп тұлкіні,  
Терісін тез алайык.

Аптықпа, әке, аптықпа,  
Елікпе тез дақпыртқа.  
Түн болғанша ол тұлкі,  
Қозғалмастан жатып па?

Тауық жұрты азалы,  
Оған тұлкі жазалы.  
«Өлім кезек» дегендей,  
Тұлкі болды қазалы.

Жаудың жауы болмай ма?  
Зұлымды жұрт қолдай ма?  
Қырып еді құсымды,  
Тап болды сүм сол жайға.

Келді қарға зарлана,  
«Соғыс» деді корада.  
Ести сала жүтірдім,  
Жай жатуға бола ма?

Бардым, тазы таншадай,  
Қуды жарып тастапты.

Пәрелепті боршадай,  
Басын сазға жастапты.

Ертең аңға шыгайық,  
Ертіп осы арланды.  
Тілегімді шынайы ұқ,  
Болмайынши арманды.

Апарса ертіп әкесін  
Құс қорага,  
Жоқ арлан.  
Қасып түрып желкесін,  
Әмен жылап-зарлаған.

Ішін тартып өкіріп,  
Откеніне өкініл,  
Кешір, әке, мені деп,  
Бас иіпті өтініп.

Жалқау еткен мені тек  
Үйқы менен өтірік.  
Ез болар деп көрме жек,  
Алдың енді бекініп.

«Өстің, балам, анасыз,  
Анасыз бала панаңыз.  
Өссінші деп наласыз,  
Еттім сені санаңыз».

Тұргандай ем баурыма,  
Өлі бала салғандай.  
Бар кінәні мойныма,  
Озім ғана алғандай.

Зорын жасап кесірдің,  
Есалансып есірдің.  
Жатып ішер мырзадай,  
Төсекте көп көсілдің.

Шынықтырып шираптай,  
Бозөкпе қып өсірдім.  
Жанар болсан шырактай,  
Кешірдім, ботам!  
Кешірдім!

\* \* \*

## Бұзаубек (ертегі)

I

«Жаз бұзауды бағам» деп,  
Уәде берген Бұзаубек.  
Жаз түгіл күз өтсе де,  
Ойламаған бұзау деп.

Қатыспапты қырсығып,  
Бұзау қора жөндеуге.  
Ағасымен үрсисып,  
Сылтау тапқан көнбеуге.

«Атануың бұзаушы  
ерсі» – депті бір бейбас.  
«Болма үйден ұзаушы»,  
– деді досы Қисықбас.

Тапсырысты орындаپ,  
Қатты үйықтап қорылдаپ,  
Жатыр еді, түс көрді,  
Тым қорқыныш іс көрді.

Бұзаулар жүр қалышылдаپ,  
Тіршілікке сәл шыдаپ.  
Қымталмаган қорадан  
Қарлы су түр тамшылаап.

Қаталапты бұзаулар,  
Бүгін дайын суат жоқ.  
Үстері мұз сауыстан,  
Қозғалуға қуат жоқ.

Көрү үшін бұзауды,  
Барған екен Бұзаубек.  
Өнді емес түсінде,  
Ойлапты ол «бұзау» деп.

Тұс те болса дұрыс іс.  
Мезгіл күзгі демалыс.  
Жауғанменен ақша қар,  
Емес еді ел алыс.

Жынданғандай қаһармен,  
Қамалады бұзау кеп.  
Аққабақтың мүйізін,  
Ойлады ол біз-ау деп.

Үшкір найза мүйіздін,  
Қоршауында Бұзаубек,  
Мұрша бермей тұруға,  
Домалатып сүз-ай кеп.

– «Мисыз қазанбасыңмен  
Ойладың ба, бұзау деп?  
Келмей бізге дәсіп ен,  
Ө-Ө-Ө! Бұзаубек-Бұзаубек!

Сезбей қазан күн райын,  
Жауынды жел – құз-ау деп?  
Астаудагы көк мұзды,  
Ойладың ба «тұз-аў» деп.

– «Жүден қалар бұзаулар,  
Жатқан жері сыз-ау деп.

Денелері қапталған,  
Сұмелек кіл мұз-ау деп».

Осылай деп бұзаулар,  
Алды мүйіз астына.  
Көңіл ояу болғанмен,  
Тіл байланып састь да.

«Борғыл бұзау бүйірден,  
Сұкты сүйір сұнгісін».  
Шашу еді шындығы,  
Құрытардай сұлдесін.

3

Ауышка ұсап Бұзаубек  
Ояныпты бақырып.  
Бұзау... найза... ажал-ау!  
Бір күліп... бір ақырып.

Қайта-қайта ойбайлап,  
Отбасын да оятқан.  
Тұрып бір сәт ой-ойлап,  
Қаймыққандай таяктан.

«Пісмілләләп» атасы,  
Тез оянган абдырап.  
Оқыпты да дұғасын,  
Депті «бұл не сандырақ!»?»

– Ата, жаман тұс көрдім.  
Жан түршіккен іс көрдім.  
Мүйіздеді бұзаулар,  
Құрытарлық күш көрдім.

– Ізгі істен бас тартқан.  
Сенде мінез баршылық.  
Қыңырлыққа қол артқан,  
Көре бермек таршылық.

Жұртпен бірдей төл күтсөн,  
Кетпес еді жан шығып.  
Сүзгізгені тағдырдың,  
«Ал» дегені аршылып.

Ез қашанда халықтық  
Іске жасар қарсылық.  
Қашан да көппен бір болу,  
Соның өзі наршылық.

Тәнті болды Бұзаубек,  
Атасының сезіне.  
Кемшилігін жоюға  
Міндет алған өзіне.

Ойша жасап түйінді,  
Іс істеуге тыымды.  
Содан былай Бұзаубек,  
Босатпапты жиынды.

\* \* \*

# **Мазмұны**

Пр жүлдізы .....	3
Аймагамбет Ізтөлин туралы естелік .....	6
Іәрбатты шаңнан сақтайық .....	10
Сеті атауы жайында .....	15
АГДЫР .....	19
Озге түслеген бақ .....	57
Рлік .....	59
Уылдағы айқас .....	65
СЕР .....	84
Елгісіз батыр .....	86
ЙҚЫШЫ .....	90
Ұзаубек .....	99

## **Ар жұлдызы**

Редакторы:

*С. Жетпісқалиев*

Көркемдеуші редакторы:

*А. Шарінбаев*

Корректоры:

*Гүлнар Шаймерген*

Компьютерде терген:

*Анара Шаймергенова*

Теруге 20.03.07 жіберілді. Басуға 28.04.07 қол қойылды. Форматы  
84x108<sup>1/2</sup>. Каріп түрі Times New Roman. RISO басылыс. Шартты  
баспа табагы 3,25. Тиражы 500 дана. Заказ №.238

Көкшетау университетінің

Баспа орталығында екінші рет басылды.

